



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың  
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Болашаққа  
батыл  
қадам  
2-бет

Ғалымға құрмет –  
ұрпаққа міндет  
5-бет


«Күміс домбыра»  
күмбірі  
8-бет

## • МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

# Қуатты елдің шуақты мерекесі

Қарағандының орталық саябағында Наурыз мейрамын тойлауға мыңдаған адам жиналды. Мерейлі отбасылар ата-бабадан қалған салт-дәстүрді жас ұрпаққа жеткізудің тамаша үлгісін көрсетіп, мерекеге балаларымен келді.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Орталық саябақтағы каскадты алаң көрікті ауылға айналды. Қарағанды қаласының тұрғыны Әбүтәліп Есполов мерекеге немересін алып келіп, батырлар мен аңшы құстардың жабдықтарын таныстырды.

– Мереке күні барша қазақстандықтарға бақыт, денсаулық, бейбітшілік пен амандық тілеймін. Наурыз – ересектер мен балаларды біріктіретін, ертеңгі күнге сенім мен үміт сыйлайтын мереке. Наурыз құтты болсын! – деп құттықтады Әбүтәліп Есполов.

«Жыл басы» басты театрландырылған қойылымы Орталық мәдениет және демалыс саябағының жағалауында өтті. Қонақтар драма театрларының әртістері, хореографиялық ұжымдар мен көркемөнерпаздар қатысқан «Арқадағы аз Наурыз» театрландырылған қойылымын тамашалады. Қыдыр ата көктем келгенін хабарлағаннан бұлттар сейіліп, күн шығып, мерекені жылуымен және шуағымен нұрландырды.

Салтанатты шараға арнайы Zhoshy ансамблі, Әсет Есжан, Ұшқын Жамалбек және би театрлары қатысты. Басты жұлдызды қонақтар қатарында аты аңызға айналған «Дос-Мұқасан» ансамблі болды.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мерекені тамашалауға жиналғандарды құттықтап, бұл мейрамның маңыздылығына тоқталды.

– Наурыз – ортақ шаңырағымыздағы достықты, өзара сыйластық пен келісімді нығайтуға септігін тигізетін бүкілхалықтық мереке. Президент Қа-

сым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы бекіткен мерекенің жаңа форматы бірлік рухын нығайтуға ықпал етеді. Наурызға – ұрпақтарды біріктіретін және еліміздің жаңа мәдени келбетін қалыптастыратын дәстүр мен қазіргі заман арасындағы көпір, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Мерекелік алаң қонақтарды кез келген талғамға сай ойын-сауыппен қуантты. Тұрғындар әр киіз үйде ұлттық жиназ арасында әдемі суретке түсіп, хош иісті палау, наурызкөже, бауырсақ және басқа да ұлттық тағамдардан дәм татты.

Қолөнер шеберлері қолдан жасалған

бұйымдарды ұсынды. Ал кәсіби бүркітшілер көрермендердің назарын аударатырып, қырандарын көрсетті. Темірәлі Төлегенұлы жыл сайын мерекеге өзінің бүркітімен қатысып, ежелгі аңшылық өнерімен танысуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

– Қарағандылықтар мен қала қонақтары мерекені құттықтаймын. Әр үйде бақ-береке, әр отбасында балалардың күлкісі болсын! Туған жерімізге бейбітшілік пен бақ-береке тілеймін, – деді ол.

Мерекеді сондай-ақ, балалар мен жастар алтыбақан тепсе, гір көтеру жа-

рыстарында әркім өз күшін сынап алды. Халықтық серуен ымырт үйірілгенше жалғасты.

Наурыз мейрамы қаланың орталығында ғана емес, Майкұдық, Пришхатинск, Сұрыптау саябақтарында және Оңтүстік-Шығыстағы Достық үйінің жанында өтті. «Шахтер» стадионында ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтті. Биыл облыс бойынша ұлттық мұраны сақтауға және насихаттауға бағытталған 1000-нан астам іс-шара ұйымдастырылды.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## • ӘЛЕУМЕТ

# Құжат қабылдау басталады

1 сәуірден облыстағы мектептердің бірінші сыныптарына құжаттар қабылдау басталады. Бірінші сыныпқа қабылдау үшін өтініштерді қабылдау 1 сәуірден 31 тамызға дейін жалғасады.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мектептер бірінші сыныпқа алты жастағы балалар мен 2025 жылдың соңына дейін алты жасқа толатын балаларды қабылдайды. Мектептерге қызмет көрсету аумағы бекітілген. Қабылдау кезінде дайындық деңгейіне қарамастан қызмет көрсету аумағында тұратын барлық балалардың қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

Құжаттарды egov.kz электрондық үкімет порталы, жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері арқылы, сондай-ақ қағаз түрінде беруге болады. Қажетті құжаттар қатарында ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдерінің өтініші, № 065-е нысанды медициналық анықтама (профилактикалық егу картасы) және № 052-2/е баланың денсаулық паспорты, көлемі 3x4 см фотосурет (2 дана) болуы тиіс.

Ал, шетелдік азаматтар үшін баланың ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері біздің елімізде уақытша немесе тұрақты тұруы тиіс. Шетелдік азаматтар мектепке тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы белгімен бірге Қазақстанда тұрақты тұруға құқығы туралы құжатты ұсынуы тиіс.

Өтінімдер демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін қабылданады. Қарағандыдағы жалпы білім беретін мектептерге қабылдау мәселелері бойынша 50-78-81 телефонына хабарласуға болады.

## • ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# Жол табаны жаңартылады

Өңірде биыл ұзындығы 161 шақырымды құрайтын теміржолды жөндеу жоспарлануда. Сонымен қатар, балластар тазартылып, рельстік тіректер мен бағыттаушы құрылыстар ауыстырылады.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Қазақстан теміржолы» ҰК АҚ баспасөз қызметінің хабарламасында:

– Бүркітті-Қарағайлы, Ащысу станциясы, Саумалкөл және тағы басқа да аралықтарға 34,2 шақырым жолда рельс-шпалдық торлар ауыстырылады. Және күшейтілген орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Теміржолшылар Атасу станциясынан, Қаражал станциясына және Ащысу станциясынан Саумалкөлге дейінгі аралыққа орташа жөндеу жұмыстарын жүргізеді, – делінген.

Уақытылы қолға алынған бастама күн санап тозып бара жатқан теміржолдың заманға сай жаңғыруын қамтамасыз етері сөзсіз.

# Өндірістің алтын бесігі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайдың төртінші отырысында аймақтардағы экономиканың өркендеуіне серпін беретін жаңа мүмкіндіктерге жол ашу және өңірлердің даму деңгейіндегі теңсіздікті жою – қазір мемлекет алдында тұрған негізгі міндеттің бірі екендігін баса белгілеп өтті. «Қазір бүкіл елімізде ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Қарағандыда және Екібастұзда болат қорытатын зауыттар, Жамбыл облысында минералды тыңайтқыш өндіретін химия кешені пайдалануға беріледі», – деп атап өтті Президент.

Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Саран серпіні

Естеріңізге салайық, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Саран қаласында тұрмыстық және электр техникасын шығаратын Silk Road Electronics кәсіпорнына барды. Жалпы ауданы 61 мың шаршы метрден астам



өндіріс бұрынғы «Қарағандырезинатехника» зауытының аумағында орналасқан. Жобаның құны – 25 миллиард теңге. Мұнымен қатар, Президентке «Meridian Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің техникалық директоры Александр Критский кәсіпорындағы өндіріс үдерісі туралы айтты. Зауыт былтырдан бері тұрмыстық техника шығарып, оны еліміздің

электроника бұйымдарын сататын сауда желілеріне жеткізеді. Бүгінге дейін кәсіпорында 97 мың тұрмыстық техника өндірілген. Компания 2027 жылға қарай толық өндірістік қуатына көшіп, 1,1 миллион тұрмыстық техника шығаруы және өз өнімін ТМД елдеріне экспорттауды жоспарлап отыр. Samsung Electronics Central Eurasia компаниясының басқар-

ма төрағасы Минки Чу аталған өндіріс алаңында Samsung брендімен теледидар және автоматты кір жуу машинасын шығару көзделіп отырғанын жеткізді. Президентке зауытта Қарағанды, Саран, Шахтинск және Абай қалаларының 232 тұрғыны жұмысқа орналастырылғаны туралы мәлімет берілді. Зауыттың өндірістік қуаты толығымен іске қосылған кезде



жұмысшылар саны 1200 адамға дейін ұлғайып келеді.

Иә, орталық облыстағы индустриялық серпін ел экономикасының соны мүмкіндіктерін ойып, аймақтық дамуға тың қарқын беруде. Silk Road Electronics зауыты – осы үдерістің көрнекі көрінісі. Осы тәрізді өркенді өндіріс орындары халықты тұрақты жұмыспен қамтып қана қоймай, Қазақстанның өндірістік әлеуетін күшейтіп, экспорттық нарыққа даңғыл жол ашуда. Ал, Мемлекет басшысының аймақтарға жасаған сапарлары мен қолдауы индустрияның өркендеуіне берік негіз қалайды. Алдағы жылдары өндірістің өңір технологиялық дамудың, инновациялық өндірістің және экономикалық өсімінің орталығына айналатыны сөзсіз. Бұл берекелі бастамалар Қазақстанның өңдеуші өнеркәсіптегі әлеуетін арттырып, елдің орнықты даму жолындағы маңызды қадамдарының бірі болмағы ақиқат.

► 5-бет

# Болашаққа батыл қадам

Қарағанды облысында баламалы энергетиканың тағы бір ірі нысаны бой көтереді. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қытайлық China Energy компаниясының басшысы Сяодан Линь мырзаны арнайы қабылдап, Осакаров ауданында 500 МВт 65 жел генераторын салу туралы меморандумға қол қойды.



Бұл – Осакаров ауданы аумағында шетелдік инвестицияларды тарту арқылы жүзеге асырылып жатқан екінші жоба. Бой көтеретін жаңа жел паркі Сарыөзек ауылында салынады.

– Мұндай станцияларды салу – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанның көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі маңызды стратегиялық бастамаларының бірі. Аймағымыз үшін де үлкен маңызға ие, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Жел қондырғыларының ірі өндірушісі China Energy Overseas Investment Co. Ltd. компаниясы мұндай шешімге келмес бұрын аумаққа алдын ала талдау жасаған. Компания басшысы Сяодан Линь мамандар желдің жылдамдығын өлшеп, жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін дайындайтынын айтады.

– Бұған дейінгі кездесуімізден кейін бірқатар жұмыс атқарылды. Жобаны жүзеге асыруға дайындық та белгілі бір нәтижеге қол жеткізілді. Талдау нәтижелеріне сүйенсек, жел ресурстары жобаның талаптарын қанағаттандырады. Біз оның болашағы оң болатынына сенімдіміз, – дейді Сяодан Линь.

Осакаров ауданында жел қондырғыларын салатын алаңның кездейсоқ таңдалмағанын да атап айту керек.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қажетті алаң жыл бойы жел соғатын аймақта орналасқан. Әсіресе, Осакаровка – Сарыөзек – Тельман учаскесі.

Ауданда 150 МВт-тық екінші бір инвестициялық компанияның жел қондырғылары бар екенін де айта кеткен жөн. Қазіргі таңда оның алтауы тұрғызылған, жетіншісі аяқталуға жақын. Барлығы 21 қондырғы орнатылады. Сонымен қатар, мұнда 20 адам жұмыспен қамтылады.

– Біз қазір ауданға инвесторларды тарту бағытында белсенді жұмыс істеп жатырмыз. Сонымен бірге, 500 МВт жел станцияларын орнату үшін үшінші жоба бойынша да келіссөздер жүргізудеміз. Үш жобаны жүзеге асыру – ауданның жасыл энергетика саласындағы ұстанымын нығайтумен қатар, қосымша салық түсімдері мен жаңа жұмыс орындарын ашады, – деп атап өтті Осакаров ауданының әкімі Руслан Нұрмұханбетов.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МЭЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

## Тасқынға қарсы қамданыс

Облыс аумағында су тасқыны қаупінің алдын алу шаралары жалғасуда. Атап айтсақ, Қарқаралы ауданының Қоянды ауылына жақын Қарасор көліне 600 шаршы метр аумақта мұз жарылды. Бұл – мұз кептелістерін жою үшін қажет.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен қатар, осы бағыттағы шаралар Нұра, Өткелсіз, Жаманқон, Құланөтпес, Есіл және Үлкен Құндыз өзендерінде де өткізілді. Жалпы алғанда, жарылыс жұмыстары 14 мың шаршы метрді қамтып отыр.

Бұдан бөлек, аймақта 2,3 миллион текше метрден астам қар шығарылып, 11 тоннадан астам инертті материал төселген. Ал, 54 шақырымнан астам арық тазартылып, 42 шақырымға жуық су жіберетін ор қазылды.

Тасқынның алдын алу жұмыстары күшейтілген режимде жүріп жатқанын айта кеткен жөн.

• ӘЛЕУМЕТ

## Мерекедегі мерейлі жәрменке

Қарағандыда Наурыз мерекесінде ауыл шаруашылығы жәрменкелері өтті. Облыс қалаларындағы қайта өңдеу кәсіпорындарының қатысуымен ұйымдастырылған ауыл шаруашылығы жәрменкесі Пришахтинск, Майқұдық, Оңтүстік-Шығыс аудандарында да жалғасты. Онда әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларымен бірге бал, балық сияқты өзге де сұраныс бар өнімдер саудаланды.



Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сол күндері жәрменкеге ағылған ағайынның көңіл күйлері аса көтеріңкі болды. Оған күн шуағы молынан төгілген көктемнің жағымды ауа райы да әсер еткен болуы тиіс. Қалай десек те, жанарған күн мен жаңғырған маусым лебі сатушылар мен сатып алушылардың арасында өзара түсіністік пен ымыра-ның орнығуына сеп болғандай әсер қалдырды.

Сондай-ақ, мереке күні Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Осакаров, Шет аудандарында да халыққа төмен бағамен азық-түлік сатып алуға мүмкіндік берілді. Қолжетімді бағаға азық-түлік алып, жәрменкеге көңілдері толған тұрғындар ұйымдастырушыларға алғыс айтып, ризашылықтарын білдірді. Жәрменке кезінде тұтынушылардың жекелеген азық-түліктердің дәмін татып көруіне де қолайлы жағдай жасалған.

– Жәрменке маған ұнады. Баға арзан. Жұмыртқа алдым. Осындай сауда-саттық жиі ұйымдастырылса деймін. Картоп, сәбіз, жұмыртқа барлық жерде қымбат. Жәрменкенің бағаны тұрақтандыру және жергілікті тауар өндірушілерді қолдау үшін жасалғаны қуантты. Түрлі кәсіпорындар қатысқандықтан, құс фабрикалары, ет, жұмыртқа, сүт өнімдері және тұрақтандыру қорының өнімдері де бар, – дейді қала тұрғыны Дария Бакытқызы.

Жәрменкелерде облыстың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден 64 тоннаға жуық ет (сыыр еті, жылқы еті, қой еті) өнімдері қойылды. Сондай-ақ, қала тұрғындары 175 мың дана жұмыртқа, 15 тоннадан астам сүт өнімдері және өзге де өнімдерді орташа нарықтық бағадан 10-15% төмен бағамен алды.

Келесі шағын жәрменке 29 наурызда («Жастар» Мәдениет үйі – Пришахтинск, «Ұмай» сауда үйі – Майқұдық, «Global Cuty» – Оңтүстік-Шығыс) өтеді.

Сурет автордан

• БРИФИНГ

## Шешімін тапқан шаруа көп

Қарағанды облысының өңірлік коммуникация қызметінің алаңында Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков облыстағы БАҚ өкілдерімен брифинг өткізіп, қаланың 2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындыларына тоқталып, биылғы белгілеген жоспарларымен бөлісті.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қала әкімі әңгімесін экономиканың нақты секторының дамуынан бастады. Яғни, өткен жылы мұнда өнеркәсіп кәсіпорындары жалпы сомасы 21,8 миллиард теңгенің өнімін өндірді, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 134 миллиард теңгені құраған. Бұл – 2023 жылғы қарағанда 2,6 есе артық көрсеткіш.

Шахтинскіде инвестициялық жобалар да жүйелі жүзеге асырылуда. Мәселен, «Тентек» шахтасында жаңа торлы оқпан салу ісі жалғасса, биыл «Еңгізу» ЖШС «Шағын нысандарды құю өндірісі» – инвестиция көлемі 5 миллиард теңгені құрайтын «Магнитка KAZAMETA» ЖШС ұзақ уақыт тұрып қалған мүлктік кешенінің негізінде ПВХ пленкасы өндірілмек.

Қалаға әлеуетті инвесторларды тарту мақсатында қаланың өнеркәсіптік алаңдарын түгендеу барысында жеке меншіктегі 76 алаңның тоқтап тұрған ірі 11 алаңы анықталған.

Өткен жылы қалада 5,3 миллиард теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 101,9 пайызды құрады. Ал, ағымдағы жылға арналған жоспар 5,4 миллиард теңге мен нақты көлем индексі 103,3 пайыз деп белгіленген.

«Кәсіпкер» бағдарламасы бойынша 71,5 миллион теңгенің 3 жобасы іске асқан.

Бұдан әрі қала әкімі 2024 жылғы құрылыс салу жұмыстарын тілге тиек етті. Бұл кезеңде құрылыс жұмыстарының көлемі 15,2 миллиард теңгені құрап, 4054 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

Биыл құрылыс жұмыстарының көлемі 16,8 миллиард теңге болып, 5,5 пайыз өседі деп күтілуде. Осы мақсатта Карл Маркс көшесіндегі бесқабатты үйдің құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. Сондай-ақ, Шахандағы 2 подъезді үй реконструкцияланып, жыл соңына дейін үй кезегіндегі 85 адам баспаналы болады.

Ағымдағы жылы сатылатын жер телімінде жеке инвестициялар есебінен көпқабатты үйдің құрылысы жүргізілмек. Бұл жоба қалада бірінші рет қолға алынған.

Қысқы жылыту кезеңінде Шахтинск ЖЭС пен Шахандағы қазандықтың тұрақты жұмысы қамтамасыз етілді.

Быттыр 4,1 шақырым жылу тораптары ауыстырылып, тағы 5 шақырым жылылау қалпына келтірілді. Шахтинск ЖЭС пен Шахандағы қазандықтың негізгі және көмекші жабдықтары толық жөнделді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде жылу тораптарының тозуы соңғы 3 жылда 6,3 пайыз, ал, негізгі жабдықтар бойынша 5,3 пайызға азайды.

Сондай-ақ, жылу тораптарының тозуын азайту мақсатында Молодежный көшесіндегі жалпы ұзындығы 5 шақырымдай магистральдық құбыр өткізгіштерді реконструкциялау жөнінде жобалау-сметалық құжаттама жасалу сатысында. Шахтинск ЖЭС пен Шахан кентіндегі қазандықты жөндеу бойынша жұмыс жоспары то-



Қолжазба жасаған Аралшын Қолжазба

лығымен дайындалған. Мердігерлер мен қажетті материалдарды сатып алуды анықтаудың конкурстық рәсімдері өткізілуде.

Халықты сапалы ауысумен қамтамасыз ету үшін 2023 жылы Шахтинск қаласының суөткізгіш жүйелерінің, ұзындығы 44 шақырым екінші кезегінің реконструкциясы жасалды. Шахтинск қаласындағы ұзындығы 49 шақырым суөткізгіш жүйелердің үшінші кезегін реконструкциялау жобасы бойынша жұмыстар жалғасуда. Қазір соның 31 шақырымы төселді.

Бұл жұмыстар аяқталғанда, қаланың суөткізгіш жүйелерінің тозуы 61 пайыздан 28 пайызға дейін кемиді.

Ағымдағы жылы Жаңа Долинка кентіндегі суөткізгіш жүйелердің құрылысы басталып, ол 2026 жылдың соңына дейін аяқталмақшы.

Сол сияқты 2024 жылы «Қармет» АҚ ҚД Шахан субөлгішінің ШМСЖ зауытына дейінгі 7 шақырымын ауыстырды. Шахтинск қаласының кәріз және тазарту құрылыстарын салу мен реконструкциялау жөніндегі екі жобаның жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Соңғы екі жылда қала мен оған жапсарлас кенттер жолдарының 30 шақырымы жөнделіп, 2024 жылы 14,5 шақырым автожолдар орташа жөндеуден өтті. Ал, биыл тағы да 6,7 шақырым автожолдарды орташа жөндеу жоспарлануда.

Бұдан бөлек, 2025 жылы 4 мың шаршы метр жүргінші жолдарын реттеу жоспарланған. Биылғы жоспарда қала мен кенттерді 100 пайыз жарықтандыруды аяқтау міндеті тұр.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында 2024 жылы қаладан 34,6 мың текше метр қоқыс шығарылды. Осындағы 20 проблемалық учаскелердегі қоқысты шығарудың құжаттамасы даярланды.

Білім беру саласында 3 жаспан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиесін және біліммен қамтамасыз ету қалада 100 пайызды құрайды.

2024 жылы мектептер мен бөбекжайлардың 20 асханасы мен 15 спортзалын жөндеудің үшжыл-

дық бағдарламасы толықтай аяқталған.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаржысымен 11 білім беру нысанында жаңа 33 модификация кабинеті ашылып, химия, физика, биология кабинеттері жабдықталды. Осы қордың есебінен биыл қаланың Оқушылар сарайына 178 миллион теңгенің жабдықтары жеткізілді. 2025 жылы 13 білім беру нысанында жөндеу жұмыстары жоспарланған.

Өткен жылы Шахан кентінің отбасылық денсаулық орталығы күрделі жөндеуден өтіп, жиһаздары жаңартылып, лифтісі қалпына келтірілді.

Стационарлық қызмет ғимаратын жөндеудің құжаттары әзірленіп, өткен жылы басталған қала емханасының ғимаратын жөндеу жыл соңына дейін аяқталады деп күтілуде. Қалалық ауруханаға өткен жылы 439,6 миллион теңгенің медициналық жабдықтары сатып алынып, биыл томография аппараты мен басқа да жабдықтар сатып алынбақ.

Өткен жылы қаланың медицина саласы 17 маманмен толықса, биыл тағы да 10 маманды жұмысқа тарту жоспарда.

Өткен жылы 1154 жұмыссыз азаматтың 60 пайызы жұмысқа орналастырылды. «Жасыл ел» бағдарламасына 180 жас, соның ішінде әлеуметтік осал топтағы 85 адам тартылған. Биыл еңбек жасақтарына қатысушылар санын 200 адамға дейін арттыру көзделген.

Биыл Жастар тәжірибесіне 40 адам тартылмақ. Шахтинск қаласында NEET санатына жататын 500 жас адам болса, ағымдағы жылы олар 22 адамға азайды.

Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін 389,9 миллион теңге бөлініп, 801 адам оңалтудың техникалық құралдарымен, 729 адам оңалту қызметімен қамтылған. Биыл бұл мақсатқа 499 миллион теңге бөлініп отыр.

Міне, осы жағдайларды егжей-тегжейлі баяндаған Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков брифинг соңында журналистер қойған сұрақтарға жауап берді.

ШАХТИНСК

# «Еңбек нарығы – сұраныс көлеміне тәуелді»



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Президент Жолдауында аграрлық саланы жиі тілге тиек етеді. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында «Мен жастарға сенетінімді үнемі айтып келемін. Ауыл шаруашылығы жастардың өзін танытуына мол мүмкіндік береді деп ойлаймын. Ауылға маман тартудың қаншалықты қиын екенін жақсы білетін шаруашылық басшылары бұл іске ерекше мүдделі» деді.

Соның ішінде, дамыған елдердегі жоғары сапалы технологияларды елімізге бейімдеу жұмыстарын жүргізу керектігі айтылды. Агроөнеркәсіп кешенін жедел дамыту үшін модернизацияланған экономика қажет екенін, заманауи ғылымға сүйенбесе, ауыл шаруашылығы құрдымға кететінін де ескертті.

Аймақта агроғылымды дамытып, оны ауыл шаруашылығы саласына іс жүзінде қолдануға үндейтін Қарағанды агротехникалық колледжі бар. Бүгінде 400-ге жуық студент білім алатын орда заманауи талапқа сай білім береді. Білім ордасының ілкімді жобалары әрі жағымды жаңалықтарын Қарағанды агротехникалық колледжінің басшысы Мұбарак Хасенов айтып берді.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

техникалық қызметкерлер, сағу салаларындағы желілік сауда персоналдың, жинақтаушылардың тапшылығы да бар. Автосервис

– Мұбарак Мұратұлы, агроколледждің бай тарихына тоқталсақ, Әуел баста ашылған уақыттан бері жұмысшы маманға қажеттілік мәселесі өзектілігін жойған жоқ секілді?

– Қарағанды агротехникалық колледжі – бүгінгі таңда жұмыс істеп тұрған облыстың барлық орта кәсіптік білім беру мекемелерінің ішіндегі ең көнесі. Қарағанды қаласынан екі жасқа үлкен десек те болады.

Мектептің алғашқы бұйрығы 1932 жылы шығарылды. Бұл Қарағанды көмір бассейнінің қарқынды даму жылдарымен сәйкес келді. Осыған байланысты білікті жұмысшы кадрлар мәселесі күн тәртібінде тұрды. Жұмыстың алғашқы күндерінен ұйымдастырушылық және экономикалық сипаттағы қиындықтарға қарамастан, мектеп бассейні шахталары үшін жастарды дайындауға белсенді кірісті. Ұлы Отан соғысы жылдарында мектеп ұжымы қиындықтарды жеңе білді.

Қазақстанда, атап айтқанда Қарағанды облысында тың жерлерді көтеру үшін ауыл шаруашылығы мен мелиорация үшін кәсіби кадрлар даярлау талап етілді. Ұлы Отан соғысынан кейін еліміз астық пен басқа да ауылшаруашылық өнімдерінің жетіспеушілігін бастан өткерді. Сондықтан 1954 жылы үлкен тың алқаптарды игеру басталды. Елдегі тракторлар, комбайндар мен жүк көліктері өндірісінің едәуір бөлігі тыңға жіберілгенімен, жиі бұзылатын техниканың білікті мамандары мен жөндеу базасы жетіспеді. Орта кәсіптік-техникалық училищесінде (механикаландыру колледждері) тың шаруашылықтарды қажетті мамандармен қамтамасыз етуге көмектесетін тың жерлерді көтеру үшін кадрлар даярлауда маңызды рөл атқарды. Осы уақытта жұмысшы маманның қажеттілігі туындады.

– Бүгінге білікті жұмысшы мамандарға сұраныс басым. Еңбек нарығындағы сұраныс туралы не айтасыз?

– Биылғы «Жұмысшы мамандықтарының жылында» техникалық және кәсіптік білім беру саласына ерекше көңіл бөлінуде. Кәсіптік білім беру реформасы экономиканың өсуін және оның инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды болып отыр.

Бір сөзбен айтқанда, еңбек нарығы – өтінші берушінің нарығына айналды. Қоғамға көлік-логистикалық компаниялар мен өнеркәсіптік жүргізушілер, қойма жұмысшылары жетіспейді. Өндіріс және құрылыстағы білікті жұмысшылар мен инженерлік-



шеберлері мен жұмысшылары, қолөнершілер де аса қажет. Осы олқылықты жою мақсатында бүгінде Қарағанды агротехникалық колледжі өңірдегі жұмысшы кадрларды даярлаумен айналысады. Жыл сайын кәсіби шеберлік конкурсының өңірлік кезеңіне қатысады. Бұл байқау ауыл шаруашылығы саласындағы тех-

Жұмысшының басты басымдығы – студенттерді еңбек нарығына дайындау. Біз оларды тек біліммен ғана емес, практикалық дағдылармен де қамтамасыз етуіміз керек. Оқытушылар мен студенттер арасындағы өзара іс-қимылды жақсарту, сондай-ақ кері байланыс жүйесін енгізу маңызды. Білім алушылармен

далану», «Ауыл шаруашылығын механикаландыру», «Дәнекерлеу ісі», «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бар.

– Кәсіпорындарда өтетін тәжірибелерге тоқталсақ...

– Студенттер үшін «Жас маман» жобасы аясында халықаралық стандарттарға сай жабдықталған мамандандырылған құзыреттілік орталықтары ашылғаны белгілі. Бұл студенттерге әлемдегі жетекші компаниялар қолданатын жоғары технологиялық қондырғыларда жұмыс істеуге мүмкіндік берді.

Облыстағы жетекші ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында өткізілетін нақты кәсіпорындар базасындағы тәжірибе білімді нығайтады. Бүгінде ауыл шаруашылығын ғылыммен ұштастыру – экономиканы әртарапандырудың негізгі тетігіне айналды. Сонымен қатар, озық технологияларды игеру, саланың ерекшелігін түсіну және командада жұмыс істеуге дайындалу бар. Ірі фермерлік шаруашылықтар сияқты колледж серіктестерімен ынтымақтастық – түлектерге бәсекеге қабілетті және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік береді. Біздің оқу орнын бітірген түлектер үшін өңірдің жетекші кәсіпорындарында практикадан өту және одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндігі де бар.

Біз ынтымақтастық орнатқан компаниялар арасында Қарағанды қаласының кәсіпорындары – «QazTehna», «Borusan Sat Kazakhstan» ЖШС, «Автотехин-маш» ЖШС, «Қарағанды металл бұйымдары зауыты» ЖШС, «Пром-ЭлектроСеть» ЖШС, «Ақнар ПФ» ЖШС және басқалары бар.

– Сіздің ойыңызша аграрлы саланы қалай дамытқан дұрыс? Жалпы, студенттердің қызығушылығы қалай?

– Қазақстанда ауыл шаруашылығының әлеуеті орасан зор. Игерілген егіс алқабымен қатар табиғи жайылымдар да бар, экспортқа өнім шығаруға да мүмкіндіктер мол. Біз осыны білім алушыларға жиі айтамыз. Студенттер аграрлы салаға қызығады. Дегенмен, әлі де айрықша серпін керек.

Жастарға теориялық білімінен гөрі өндірістік-тәжірибе көбірек қажет. Студенттер әр нәрсені кө-

зімен көріп, қолымен ұстап, өз мамандығын жетік игерсе деген мақсатпен өндіріске жолдаймыз. Ертең өндіріске барғанда жұмыс істеп кететіндей, дайын маман болып шығуы керек. Студенттердің бітіріп шыққан соң ауылға барып, аграрлық іспен айналысатынына немесе осы саладағы ғылыммен айналысатынына көз жеткен соң, білім беру процесін де соған қарай бейімдеу керек деп ойлаймын. Студенттерді қабылдаған кезде көбінесе ауылдан шыққан балаларды қабылдауға тырысқан жөн сияқты. Ауылдық квотаны көбірек бөлген дұрыс.

– Колледжде оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби дамуына жағдай жасалған ба?

– Осы бағытта Ресей, Татарстан, Беларусь колледждерімен, сондай-ақ, аграрлық бағыты бар Қазақстанның басқа облыстарының колледждерімен меморандумдар жасалды.

2022-2023 оқу жылында біздің педагогтер республикалық кәсіби шеберлік конкурсының облыстық кезеңдерінде колледжді лайықты таныстырды. Оқытушылар Е.Чистова «Кондитерлік іс», А.Чернова «Аспаздық», Б.Байсары «Дәнекерлеу ісі» құзыреттілігінде шеберліктің жоғары деңгейін көрсетті. Бұл жетістіктер педагогикалық құрамның жоғары дайындық деңгейін білдіреді. Республикалық кәсіби шеберлік байқауында бұл педагогтер көшбасшылығын растады. Оқытушыларымыздың жетістіктері студенттер үшін тамаша үлгі.

Сонғы үш жылда WorldSkills чемпионаттарының өңірлік және республикалық кезеңдерінде жүлделі орындарға ие болдық. 2021-2022 жылдары 5 жүлделі орын, 2022-2023 оқу жылында 4 жүлделі орын, ал 2023-2024 оқу жылында 4 жүлделі орын иелендік. Жетістіктер – жас ұрпақты табысты мансапқа дайындауға көмектесетін студенттер мен тәлімгерлерінің қажырлы еңбегінің нәтижесі.

– Колледж студенттерінде бос уақыт бар ма? Оны қалай өткізеді?

– Колледж студенттері жыл сайын спорттық жарыстарға, колледжде өткізілетін Денсаулық күндеріне қатысады. Президенттік тест тапсырады. Мұғалімдер үшін қызықты спорттық іс-шаралар мен конкурстар ұйымдастырып қана қоймай, еріктілер акциялары мен челленджеріне қатысу арқылы саламатты өмір салтын белсенді түрде насихаттайды.

Тоғызқұмалақ, бес асық, асық ату және арқан тарту сияқты ұлттық спорт түрлеріне ерекше көңіл бөледі. Бұл мәдени мұраны сақтауға және насихаттауға ықпал етеді. Оқытушылардың қолдауы мен кәсібилігінің арқасында колледж студенттері түрлі жарыстарда жүлделі орындарға, грамоталар мен кубоктарға ие болды.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan» Суреттер колледже мұрағатынан

## Үздік студенттер таңдалды

Аймақта он колледждің үздік студенті анықталды. Олардың барлығы «Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті» байқауында облыс намысын қорғайтын болады. Жыл сайын өтетін байқаудың облыстық кезеңіне өңірдің 23 колледжінен 69 студент қатысты.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»



TOP-100 OUTSTANDING KZ TVET STUDENTS

Жеңімпаздар өздері ұсынған уәждемелік хаттар мен бейнероликтерге сүйене отырып анықталды. Шарттарға сәйкес конкурсқа қатысушылар ұлттық құндылықтар мен кәсіби дағдыларды дәріптеуге баса назар аударуы тиіс.

– Мамандығым – музыкалық білім беру болғандықтан, дәстүрлі қазақ музыкасын, ұлттық өнерді зерделеуді негізге алдым. Бірақ, менің ойымша, жеңімпаздар қатарына қосылуға портфолио да көмектесті. Оған қоса, мен WorldSkills байқауларының қатысушымын, – дейді Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің төртінші курс студенті Мәдина Кәрімова.

Республикалық байқауда Қарағанды облысынан он студент таңдалды. Олардың қатарында Аяна Кәдірбаева, Бекарыс Спабеков, Мәдина Кәрімова, Ернар Ризабек, Әйгерім Берікбол, Әнел Тикенова, Разия Әбдуәлі, Айбар Жоланов, Гүлпахат Құттыбаева және Нұрдос Түшенов бар.

Байқаудың республикалық кезеңінде студенттердің жұмыстары бірнеше бағытта бағаланады. Ол білім беру, өнер және гуманитарлық ғылымдар, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру, жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, ақпарат-технологиялық бизнес, басқару және құқық, әлеуметтік ғылымдар және ақпарат, ауыл, орман, балық шаруашылығы және ветеринария, инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларына негізделген.

– Республикалық кезеңге қатысушыларға қойылатын талаптар қатаң емес. Жоба ұсынуымыз керек. Әзірге тақырыбын ойлау үстіндеміз. Әрине, жеңістен үмітім бар, – дейді Мәдина Кәрімова.

Топ-100-ге енген студенттер Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырған тренингтерге, шеберлік сабақтарына және семинарларға қатысу мүмкіндігіне ие.

Сурет ұйымдастырушылардан



# Экспорт көлемі артып келеді

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел тізгінін қолына алған соңғы алты жыл ішінде түрлі сын-қатерлерге қарамастан ілгерілеуге бастаған талай ауқымды істер қолға алынды. Соның ішінде, ел экономикасын әртараптандырып, экспорттық әлеуетті арттырумен қатар, жаңа нарықтарға жол ашқан сыртқы сауданы ерекше атауға болады. Атап айтқанда, статистикалық деректер осы жылдары елімізде сыртқы сауда 1,5 пайызға өскенін көрсетеді. Мемлекет басшысы да сыртқы сауда саясаты еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықтың әл-ауқатын арттыру үшін маңызды екенін үнемі айтып келеді. Оның пікірінше, Қазақстанның сыртқы сауда саясаты ашықтыққа, бәсекеге қабілеттілікке және халықаралық стандарттарға сәйкес болуға тиіс. Қарағанды облысы да ел экономикасын арттыруға үлес қосуда көш басында. Мәселен, Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2025 жылғы қаңтарда Еуразиялық экономикалық одақ елдерімен өзара сауда 165 млн АҚШ долларын құраса, оның ішінде, экспорт – 89,2 млн АҚШ долларына жеткен.



Қолжазба авторы: Арпайым Қожаева

Салтанат ЛИЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды – Қазақстанның индустриалды және өндірістік негізі болып саналатын өңірлердің бірі. Өндірістік инфрақұрылымы, бай минералды ресурстары мен географиялық орналасуы оның сыртқы саудадағы ролін арттыруға мүмкіндік берді.

Облыс экономикасының негізгі секторлары – металлургия, көмір өнеркәсібі, химиялық өнеркәсіп, агроөнеркәсіп және машина жасау. Бұл салалар облыстың сыртқы саудасының негізін құрайды, әсіресе, өңірдің экспорттық әлеуеті минералды ресурстарға, металл өнімдеріне және өнеркәсіптік тауарларға бағытталған. Мәселен, 2020-2024 жылдарда аймақтың сыртқы сауда көлемі тұрақты өсу көрсеткіштерін ие болды.

Атап айтқанда, металдар мен минералды өнімдер, сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдері облыс экспортында маңызды орын алды.

Әлбетте, тауарды экспортқа шығару үшін де белгілі бір дағдылардың болуы – маңызды. Ол үшін микро, шағын және орта бизнес өкілдері үшін экспорт және халықаралық сауда бойынша тегін курстар да қарастырылған.

Халықаралық сауда орталығы «QazTrade» АҚ-мен бірлесіп әзірлеген және Ready4trade Орталық Азия жобасы шеңберінде Еуропалық Одақ қаржыландыратын курстарда кәсіпкерлер Қазақстаннан Еуропаға және басқа елдерге тауарды қалай экспорттау керектігін, өз бизнесін экспорттық қызметке қалай дұрыс дайындау керектігін, қажетті сертификаттар мен халықаралық сауданың басқа да маңызды аспектілерін қайдан алуға болатындығы туралы үйретеді, – дейді облыстың экономика басқармасының баспасөз қызметі.

Облыстың сыртқы саудадағы ең үлкен үлесін металл мен минералды ресурстар алады. Қазақстанның металлургия орталықтарының бірі ретінде оның негізгі экспорттық өнімдері – темір және болат.

Статистикалық деректерге сүйенер болсақ, жыл сайын Қарағандының экспорттық әлеуеті ұлғайып келе жатқанын көруге болады. Мәселен, 2021 жылы облыстың жалпы сауда айналымы 8,4 миллиард АҚШ долларын құраса, оның 73,8%-ы – экспорт, 26,2%-ы – импорт. Дәл осы жылы Қарағанды облысы Атырау облысынан кейін екінші орынға шықты және нетто-экспорттаушы ретінде танылды. Бұл – сыртқы саудадағы экспорттың құны импорттың құнынан жоғары екенді-

гінің кепілі.

Ал, 2024 жылғы қаңтар-қыркүйек айларында Қарағанды облысының Еуразиялық экономикалық одақ елдерімен өзара саудасы 2,145 миллиард АҚШ долларына жеткенін көрсетеді статистикалық деректер. Осы кезеңде экспорт көлемі 1,250 миллиард АҚШ долларын құрады. Осылайша облысымыздың сыртқы саудадағы үлесі соңғы жылдары тұрақты өсім көрсетіп, өңірдің экономикалық маңыздылығын арттырды.

Жалпы, Қарағанды облысының негізгі импорттық серіктестері қатарында Ресей, Қытай және Германия бар. Мәселен, 61,6 пайыздық көрсеткішпен Ресей облыстың жалпы импорттың негізгі бөлігін құраса, Қытай – 9,9%, Германия – 3,6%. Бұл елдер Қарағанды облысының сыртқы саудасында айтарлықтай үлеске ие.

Қарағанды облысы көмір өндіруден де республикада жетекші орын алады. Қазақстанның ішкі нарығына ғана емес, сыртқы нарыққа да экспортталады. Әсіресе, Ресей мен Қытайға.

2020-2024 жылдары облыстың агроөнеркәсіптік секторы да сыртқы саудадағы үлесін ұлғайтып, әсіресе, Қытай мен Ресей нарықтарында өз позициясын нығайтты. Атап айтқанда, облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы ұсынған дерекке



## Жастар үшін жаңа бастама

Балқаш қаласында колледж түлектерін жұмысқа орналастыру жөнінде меморандумға қол қойылды. Өңірдің ірі компанияларымен жасалған келісім жастар үшін жаңа жұмыс орындарын құруды көздеп отыр.



Сурет ашық деректен

сәйкес, 2024 жылы Қарағанды облысы 65,8 млн АҚШ долларына 181,3 тонна ауыл шаруашылығы өнімін экспорттаған. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 51,1 мың тоннаға артық. Одан бөлек, ішінде қайта өңделген өнім көлемі 56,3 млн АҚШ долларын құрап, 30,8 мың тоннаға артқан.

– Өткен жылы облысымызда ауыл шаруашылығы өнімінің бірқатар түрлері бойынша экспорттың өсуі байқалды. Мәселен, 153,5 тонна ет және тамақ өнімдері 85,0 мың АҚШ долларына, 105 951,0 тонна бидай ұны 30,3 мың АҚШ долларына экспортталды. Одан бөлек, облыс жануарлар майын да экспорттайтынның айту керек. 128,0 мың АҚШ долларына 8,0 тонна. Бұл қатарда соя майы және оның фракциялары да бар. Экспорттың жалпы көлемі – 1 280,0 тонна, – дейді облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының бас маманы Айдын Сүлейменов.

Қарағанды шоколад өнімдерін де экспорттайтынның айтады Айдын Ердосұлы. Сәйкесінше, 920,5 мың долларға 587,2 тонна шоколад жіберілген екен. Бұдан бөлек, 89,9 тонна нан, ұннан жасалған кондитерлік өнімдер, печенье де шетелдік дүкендердің сөрелерінен табылады.

Қарағанды облысы экспорттайтын ауыл шаруашылығы тауарларының саны мұнымен шектелмейді. Қарағандының сырасы, картобы, бидайы, тіпті, кебегіне дейін тонналап экспортталуы өнімінің суранысқа ие екенін көрсетеді.

Облыстың сыртқы саудасы негізінен көршілес елдермен жүзеге асырылады. Негізгі ең ірі сыртқы сауда серіктесі – Ресей. Атап айтқанда, көмір мен металл өнімдері Ресейге үлкен көлемде экспортталады. Ал, Қытай – Қарағанды облысы үшін маңызды сауда нарығы. Бұл елге негізінен металл, көмір, және ауыл шаруашылығы өнімдері экспортталады.

Қарағандының металлургиялық өнімдер мен машиналары Еуропа елдеріне жеткізілетіні де қуантады. Өңірдің сыртқы саудасы тек қана шикізаттық өнімдермен шектелмейтінін ескеру керек. Кейінгі жылдары құрылыс материалдары, химиялық өнімдер мен басқа да өнеркәсіптік тауарлар облыс экспортында маңызды орын ала бастады.

Жалпы, облыстың сыртқы саудасының келешегі экономикадағы әртараптандыру және инфрақұрылымды дамыту арқылы тұрақты өсу мен дамуға бағытталғанын айту керек.

– «Жұмысшы мамандықтарының жылында» жас мамандарымызды қолдау үшін өңірдегі жеті ірі кәсіпорынның күшін біріктірдік. Қол қойылған меморандум жаңа жұмыс орындарын құрудағы маңызды қадам болатынына сенім зор, – деп атап өтті Балқаш өкімі Сапар Сатаев.

Бұл бастаманы қолдаған компаниялардың тізімі нақтылану үстінде. Әзірге «Балқашцветмет», «Қазакмыс», Kazakhmys Energy, Tranco Balkhash, «ДСП Тастемир», «Балқаш Жібек жолы» және «Недра-Балқаш» сынды компаниялар қолдауға дайын.

Аталған бастаманың «Наурыз-знама» – онкүндігінің алтыншы күні, яғни, Жаңару күніне орай қолға алынған.

Бұдан бөлек, Жаңару күнінде «Еңбек жолы» байқауының лауреаттары да марапатталды. Сонымен қатар, қаланы дамытуға қосқан үлесі үшін меценаттар мен еріктілердің ерен еңбегі атап өтілді.

Өз тілшімізден

### • БРИФИНГ

## Алқабилер сенімді ақтай ма?

Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Алқабилер институтын жетілдіру мәселелері» тақырыбында брифинг өтті. Қарағанды облысының Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Бекзат Шалғымбаев қатысып, алқабилердің қатысуымен аса ауыр санатқа жататын қылмыстардан бөлек, ауыр және орташа ауыр қылмыстарды да қарайтынын мәлімдеді. Сонымен қатар, алқабилер ретінде қатысқаны үшін ақы төленіп, еңбек өтіліне есептелетіні айтылды.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында сот қауымдастығының алдында заңның үстемдігін қамтамасыз ету, оның қолжетімділігі мен қоғамның сот саласына деген сенімін арттыру секілді бірқатар талаптар қойған болатын. Бұл мақсатқа қол жеткізудің бірден-бір жолы – алқабилер институты.

Себебі, бұл институт өзгесі-



Сурет ашық деректен

не қарағанда халықтың сотқа деген сенімін арттыруға көбірек ықпал етеді, өйткені сол қоғамның өзі кәсіби судьямен қатар сот төрелігін жүзеге асыруға тікелей қатысады, сот саласының жұмысын көзбен көреді, – деді Бекзат Шалғымбаев.

Төрағанын айтуынша, Президент тапсырмасын орындау барысында Қылмыстық-процестік

заңнамаға бірқатар өзгертулер енгізілді. Атап айтқанда, 2023 жылдың қаңтарынан бастап, алқабилердің қатысуымен қаралуға жататын қылмыс құрамдарының саны 14-тен 35-ке дейін, ал, биылғы 1 қаңтардан 44-ке дейін ұлғайды. Оның ішінде, алқабилердің қатысуымен аса ауыр санатқа жататын қылмыстардан бөлек, ауыр және ауы-

рлығы орта бірнеше қылмыс құрамдары бар. Мысалы, адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою, азаптау, балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу қылмыс саналады. Сондай-ақ, абайсызда екі немесе одан да көп адамдардың өліміне алып келген көлік құралдарын басқаратын

адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы да ауыр санаттағы қылмыс.

Бүгінде алқабилердің қатысуымен қаралуға жататын қылмыс құрамдарының көбеюіне байланысты олардың қатысуымен қаралған істердің де саны артқан. Мысалы, 2022 жылда, яғни, өзгерістер енгізілгенге дейін алқабилердің қатысуымен 7 іс қаралса, 2023 жылдың 12 айында бұл көрсеткіш 26 іске артқан. Өткен жылы 19 іс қаралса, бүгінгі таңда сотта осындай 4 іс қаралып, тағы 3 іс сот өндірісінде жүзеге асуда.

– Қоғамның сот саласына деген талабы жоғары және сот төрелігіне айтылып жатқан сын да аз емес. Кейде қаралған нақты бір істер бойынша қоғамдық пікір туындап, қабылданған шешім халық арасында сыналып жатады. Көбіне алқабилерге кандидаттар әртүрлі сылтау айтып, істі қарауға алқабилер ретінде қатысудан сытылып кетудің амалын іздейді. Адамдардың мұндай мінез-құлқына бірнеше себеп бар. Олардың бірі өздеріне басқа адамның тағдырын шешу жүгін, яғни, жауапкершілік артықсы келмеулері, жұмыс берушінің олардың негізгі жұмыс орындары бойынша болмауларына теріс көзқарастары және тағы басқалар.

Жалпы алқабилерге сотта істі қарауға қатысқаны үшін ақы төленеді. Облысымыздың басқа аймақтарынан келген тұлғалар үшін тұрғын үй жалдау секілді тәуелділік шығындар төленеді. Сонымен қатар, сотта алқабилер ретінде қатысқан уақыт жалпы еңбек өтіліне есептеледі және алқабилердің міндетін атқару уақытында жұмыскердің жұмысынан шығарып тастауға, не болмаса лауазымын төмендетуге жол берілмейді, – дейді Бекзат Маратұлы.

Төраға сөзінен түйгеніміз, бүгінде алқабилерді іріктеу үшін адамдардың сотқа келуі керектігі жөніндегі хабарландыру мәселесі өзекті. Сотқа шақырылған адамдардың тек 15-20 пайызы ғана келеді. Кейде іріктеуді өткізуге қажетті адам саны да жиналмай, сот процесі кейінге қалдырылады.

– Кей кезде соттың ақпараттық жүйесіндегі ақауларға байланысты азаматтарды сотқа шақырту мәселесі одан әрі қиындай түседі. Осындай жағдайларда хабарлама WhatsApp немесе СМС арқылы жіберіледі. Сотқа шақырылған тұлғаның негізгі себептерсіз сотқа келмегені үшін және лауазымды тұлғаның сотқа шақырылған адамға сотқа баруына кедергі жасағаны үшін заңда жауапкершілік қарастырылған, – дейді Бекзат Маратұлы.

• ТАҒЫМ

# Ғалымға құрмет – ұрпаққа міндет

«Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді» дейді қазақ. Саналы, өрелі ұлт ғалымның қадірлейді. Төбесіне тұтады. Өйткені, адамзат өркенінің локомотиві – ғалым ойы мен парасаты. Кешегі Әлкей Марғұлан, Қаныш Сәтбаев сынды ұлы ғалымдардың жолын жалғаған тау тұлға, ұлы ғалым Евней Бөкетов еді. 23 наурызда ғалымның туғанына 100 жыл толды. Осыған байланысты биылға 100-ге жуық игі іс-шара жоспары әзірленген. Қарағанды зерттеу университетінің Басқарма төрағасы-ректоры Нұрлан Дулатбеков бастаған қоғам қайраткерлері, университет оқытушылары ғалымның мазарына арнайы барып, құран оқып, гүл шоқтарын қойды. Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов те арнайы қатысты.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Өуелі ғалымдар мен оқытушылар, студенттер университеттің бас ғимаратындағы ғалымның ескерткішіне гүл шоғын қойып, тағзым етті. Алдағы уақытта мерейтой аясында ғалымның таңдамалы шығармалары қайта жарыққа шықпақ. Сонымен қатар, ауылдық мектепте оқитын оқушылар арасында халықаралық деңгейдегі олимпиада өткізу де жоспарланған.

– Евней Арыстанұлы – қазақтың біртуар ғалымдарының бірі. Қазақстандағы екінші университеттің ашылуына мұрындық болған. Қазір университеттің осы дәрежеге жетуі ғалымның стратегиясының нәтижесі деп білеміз. Бүгінде ғалымның артында қалған мұрасын зерделеп, келесі ұрпаққа жеткізу жолында жұмыс жүріп жатыр. Мерейтой қарсаңында 100-ге жуық іс-шара жоспарланды, – деді Нұрлан Орынбасарұлы.

Тарих ғалымдарының кандидаты Салават Кентбек іс-шараның мазмұнына тоқталып, ғалым жайлы естеліктермен бөлісті.

– 1977 жылы мектеп бітіріп, университетке түстік. Әлі күнге дейін есімде. Сол жылдың 19 қыркүйегінде Гоголь көшесі бойында орналасқан ғимараттың үлкен залында жиын өтті. Онда Евней Арыстанұлы барлық студентке студенттік билет пен сынақ кітапшаны табыстады. Университетте оқып жүргенімде жоғары оқу орындары арасында «Студенттер көктемі» байқауы өтті. Біз сол байқаудың Бас жүлдесін жеңіп алдық. Мен сонда Кәкімбек Салықовтың сөзіне жазылған «Жезкиік» әнін орындадым. Арада біршама уақыт өткен соң бізді ректор шақырты. Кабинетіне кіріп барсақ, төрт-бес адам үстел басында отыр екен. Менің

аты-жөнімді, қайдан келгенімнің бәрін анықтаған соң, «Өткенде шырқаған әнінің авторын білесің бе?» деп сұрады. Кідірмей айтып бердім. Бір кезде «Кәкімбек ағанды көріп пе еді?» деді. Мен басымды шайқадым. Сонда үстел басында отырған қонақтарды нұсқап, «Міне, ағаң осында отыр!» деп мені таныстырды. Содан соң баянның сүйемелеуімен автордың алдында ән шырақпа едім, – деді.

Философия ғылымдарының докторы Владимир Батурын де академиктің тау тұлғасын, бойындағы қасиеті жайында сөз қозғады.

– 1976 жылы Қарағандыдағы К.Станиславский атындағы орыс драма театрында студенттер слеті өтті. Евней Арыстанұлы осы слеттің өтуіне тікелей мұрындық болған. Театрда өтетін мерекелерді кейінге шегертіп, слетті өткізуге залды алып берді. Өзі әр кафедраға кіріп, «Сіздер білімдеріңізді жетілдіріп, ғылым докторы дәрежесін алуларыңыз керек. Әрқайсыңыздың қабілеттеріңіз бар. Себебі, университет білікті ұстаздардан құрылады» деуші еді. Тек студенттер емес, бізге де білімімізді шыңдауға мүмкіндік жасады. Шетелге де жіберді. Одан бөлек, шетелден оқуын тәмамдаған жастарды оқу орынына жұмысқа шақырды. Ғалымның осы бір бастамасының нәтижесінде күні бүгінге дейін университеттің дәрежесі түскен емес, – деді Владимир Батурын.

Айта кетейік, ғалымның 100 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар жыл соңына дейін жалғасады.

Суретті түсірген Гүлнар МАХАН

• «ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ»

## Ағаштан түйін түйген

«Кәсіп ашып, шағын бизнесті қолға аламын» дегендерге қолдау бар. Бүгінде облыс әкімінің жастар кәсіпкерлігін қолдауға арналған гранты жыл сайын беріліп келеді. Сол бір грантты иеленгендердің бірі – Шет ауданының тұрғыны Дана Жалғабекова. Жас кәсіпкер күйеуімен бірге домбыра жасап, кәсібін дөңгелетуде. Енді кәсіпкер бизнесін одан әрі көркейтуді ниет етіп отыр.

Дана Жалғабекова осыдан үш жыл бұрын Ақадыр кентінде жолдасы екеуі алыс-жақын елді мекендерден тапсырыс алып, ұлттық аспапты жасауды қолға алған. Осы уақытқа дейін 30-дан астам домбыраны жасап үлгеріпті. Былтыр кәсіпкер облыс әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауы жайында кеңінен апарат алып, жобасын ұсыныпты.

– Жолдасым – шебер. Домбыраны өзі қолдан жасайтын. Ал, мен басқа жұмыстарды жасайтынмын. Яғни, дайын домбыраны сырлап, әшекейлеймін. Екеулеп жасаған жұмыстың нәтижесі де жаман емес. Тапсырыстар түсе бастады. Бірақ, біз санға емес, сапаға жұмыс істеп келеміз. Тапсырыс берушілер тарапынан ешқандай ескерту алмадық.

Керісінше, қуанышты, – дейді кәсіпкер. Былтыр облыс әкімінің грантын иеленіп, оған қажетті құрылғыларын сатып алыпты.

– Бұл – біздің отбасылық бизнес. Осы бизнесімізді әрі қарай өркендетуді мақсат еттік. Нәтижесінде облыс әкімінің грантын иелендік. Грантка қажетті станоктарды сатып алдық. Қазір күйеуімнің жұмысы әлдеқайда жеңілдей түсті. Әрі уақыттан да ұтып жүрміз. Алдағы уақытта колонерді дамыту жолында жоспарымыз бар. Бизнесімізді кеңейтіп, басқа да шеберлерді жұмыспен қамтымақпыз, – деді Дана Жалғабекова.

Өз тілшімізден

# Өндірістің алтын бесігі

(Соңы. Басы 1-нөутте)

## Миллиардтаған инвестиция

Жалпыға аян, облыс инвестиция көлемі бойынша көшбасшы. Яғни, ендігіде өркенді өңір өңдеуші өнеркәсіп пен машина жасау салаларындағы маңызды жобаларды іске асыруды көздеп отыр. Осы аймақта жүзеге асатын бірегей жобалар өнеркәсіптік өндіріс пен өндірістік қуаттарды арттыруды мақсат етпек, демек, өз кезегінде Қазақстанның ұлттық экономикасын нығайтуға зор ықпал етеді. Осылайша биыл жоспарланған инвестициялардың ең үлкен бөлігі өңдеуші өнеркәсіпке бағытталады. 1 200,7 миллиард теңге көлеміндегі инвестициялар өңдеуші өнеркәсіп саласына сарп етіліп, 19 640 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік ұсынады. Бұл өндіріс саласының дамуы мен жұмыс орындарының көбеюіне шүбәсіз септігін тигізеді.

Қара металлургия саласы да елеулі орын алады. Аталған салаға 256 миллиард теңге көлемінде инвестиция салынып, өндірістік қуаттардың артуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және металлургия өнімдерінің ішкі нарықта үлесінің өсуіне игі ықпал етеді. Кешенді сектордың дамуында республиканың өнеркәсіптік



Көпшілік жасаған А. Рақышев

«Өңір – ауыр өнеркәсіптің алтын бесігі, заман ағымына сай дамып, технологиялық жетістіктерді игеріп келе жатқан озық аймақ. Қарағандының кеншілері мен металлургия, машина жасаушылары, химия өнеркәсібінің мамандары – бәрі де мемлекеттің индустриялық қуатын арттыруға табанды түрде зор үлес қосып келеді. Әсіресе, соңғы жылдары өңірде жаңа инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, бұрын кідіріп қалған өндіріс орындары қайта жанданып, заманауи технологиялар енгізілуде. Бұл тек аймақ экономикасының ғана емес, халықтың әлеуметтік әл-ауқатының да жақсаруына ерекше ықпал етеді.

Дансбай – көпбалалы әке. Тлейхан металлургия саласында 12 жыл талмай еңбектеніп келеді. Алғашқы күннен-ақ металлургия болуы оның нағыз кәсібі екенін жете түсінген. Ол көрікке қызған металлдың маңымымен арпалысып, домна пешінің жиі қайнатар қуатын басқарып, әрбір балқитудың сапасы оның еңбегіне байланысты екенін біледі.

– Қарағанды облысы – еліміздің өнеркәсіптік жүрегі. Біз, металлургия, өз еңбегіміз арқылы өңірдің дамуына үлес қосып келеміз. Qazmet металлургиялық комбинатында көп жылдан бері жұмыс істеп жүріп, мен бұл салаңыз маңыздылығын терең түсіндім. Домна пешінің жанында тұрып, балқытылған металдың қызуымен арпалысу – тек кәсіп қана емес, бұл үлкен жауапкершілік. Ал, облыстың өндірістік әлеуеті жыл сайын артып келеді. Кәсіпорындар жанарып, технологиялар жетілдірілуде, жұмысшылардың қауіпсіздігі мен еңбек жағдайына ерекше көңіл бөлінуде. Бұл – өңірдің тұрақты дамуының белгісі. Жұмысымын әр сәтінде мен осы дамуға өз үлесімді қосып жүргенімді сезінемін. Қарағанды облысы – ел экономикасының тірегі, ал біз, еңбек адамдары, оның берік негізін қалаймыз!

## Кейінгі алты жылда

Сонымен, облыстың өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2019 жылғы 2,6 трлн теңгеден 2024 жылы 4 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Негізгі үлесті өңдеу өнеркәсібі қосты, оның жалпы өндіріс көлеміндегі үлесі 78%-ға дейін өсті. Өнеркәсіптік өнім өндірісінің өсуі айқын әлеуметтік-экономикалық әсер береді. Мәселен, жалпы өңірлік өнімі, инвестициялар мен экспорттың ұлғаюы, салық түсімдерінің артуы, жаңа жұмыс орындарының құрылуы. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің рекордтық деңгейге жетуі – 2024 жылы 1,4 трлн теңгеге құрады. Межелі жылдардан бермен қарай аймақта 717,4 млрд теңгеге 46 инвестициялық жоба іске қосылып, 7,4 мыңнан астам жұмыс орны ашылған. Іске асырылған ірі жобалар қатарында: «YDD Corporation» және «Asia Ferroalloys» ЖШС-нің ферросилиций өндірісі, «Irkaz Metal Corporation» ЖШС-нің катодты мыс өндірісі, «Saryoran Operating» ЖШС-нің әк өндірісі, «Шұбар-

әлеуеті де арта түседі. Жоталы жобалардың толық қуатына шығуы нәтижесінде жалпы өндіріс көлемі 2,2 триллион теңгеге құрамақ. Оның ішінде, 0,8 триллион теңге экспортқа бағытталады. Сайып келгенде, Қазақстанның халықаралық нарықтағы ықпалын арттырып, сыртқы саудада бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді. Сонымен қатар, жоспарланған жобалар арқылы импортты алмастыру көлемі 1,4 триллион теңге болады, деп күтілуде. Мұндай қаршты қадам елдің ішкі өндірісін күшейтіп, импортқа тәуелділікті төмендетуге елеулі әсер етеді. Импортты алмастыру Қазақстанның өнеркәсіп салаларының өнімділігін арттырып, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

## Жаңа өнеркәсіп аймағы

Тағы бір жағымды жаңалық. Бұрнағы тұралап қалған Қарағанды машина жасау зауыты алаңы қайта жанданды. Жылдар бойы жұмыс істемеген ғимараттар шағын өнеркәсіптік аймақ құруға берілді. Өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасы өкілдерінің айтуынша, шағын өнеркәсіп аймағының аумағы шамамен 13 мың шаршы метрді құрайды. Мұнда әртүрлі бейіндегі 10 кәсіпорын орналастырылған: құбырлар, жылыту қазандықтары, тұрмыстық химия сынды маңызды салалардағы жаңа өндірістерді жолға қою жоспарлануда. Өрмен қарай, аталған жобалар легі шағын және орта бизнес субъектілерін орналастыру үшін өндірістік үй-жайларды реконструкциялауға және салуға жеңілдікті несие беруді көздейді. Бір артықшылығы – дайын инфрақұрылымның болуы. Кәсіпкерлер үшін жалдау ақысы қолжетімді, сондай-ақ, өз ісін ойдағыдай дамыту мүмкіндіктерін иемдене алады. Шағын өнеркәсіптік аймақ аумағында экологиялық таза тұрмыстық химия шығаратын кәсіпорын орналасқан. Ол кір жуатын гелдер, сұйық сабындар, мата жұмсартқыштар, тазартқыштар мен тазалағыштар шығарады.

– Біздің компаниямыз жеті жылдан бері жұмыс істеп келеді. Автохимия өндірісінен, аз көлеммен бастадық. Тұрмыстық химия өндіре бастағанмызға үш жыл болды. Қазір айына 150 тонна дайын өнім шығарамыз, 50-ден астам өнім түрі бар. Біз импорттық жабдықты, шикізатты шетелден сатып аламыз. Сапаны бақылауға арналған жеке зертхана бар, – деді өндіріс жетекшісі Александр Будницкий.

– Бастапқыда барлық өндірісіміз басқа мекенжайда орналасқан еді. Шағын цех болатын. Соңыра осында көшіп келдік, бөлме үлкен, кең. Өндірісімізді кеңейттік, одан әрі дамыту үшін қажетті алғышарт бар.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Азамат Тайжанов тұрмыстық химия өндіретін кәсіпорында болып қайтты. Оған жергілікті өнім желісі көрсетілді. Ол оның қаншалықты сұранысқа ие екеніне, сатуды қалай ұйымдастырғанына қызығушылық танытты.

– Біздің басты міндетіміз – отандық тауар өндірушілерді қолдау. Осы бағытта одан әрі жұмыс істейтін боламыз: тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын қамтамасыз ету мақсатында ШОБ үшін жағдай

«Бұрнағы тұралап қалған Қарағанды машина жасау зауыты алаңы қайта жанданды. Жылдар бойы жұмыс істемеген ғимараттар шағын өнеркәсіптік аймақ құруға берілді. Өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасы өкілдерінің айтуынша, шағын өнеркәсіп аймағының аумағы шамамен 13 мың шаршы метрді құрайды. Мұнда әртүрлі бейіндегі 10 кәсіпорын орналастырылған: құбырлар, жылыту қазандықтары, тұрмыстық химия сынды маңызды салалардағы жаңа өндірістерді жолға қою жоспарлануда. Өрмен қарай, аталған жобалар легі шағын және орта бизнес субъектілерін орналастыру үшін өндірістік үй-жайларды реконструкциялауға және салуға жеңілдікті несие беруді көздейді.

көл көмір» АҚ-ның арнайы коке өндірісі, «Qaztehma» ЖШС-нің автобустар мен арнайы техника өндірісі, «Tengri Tyres» ЖШС-нің шиналар өндірісі, «Silk Road Electronics» ЖШС-нің тұрмыстық техника өндірісі бар. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміне қол жеткізу қолданыстағы кәсіпорындарды жаңғырту есебінен мүмкін болған. Бұл еңбек өнімділігінің артуына, жұмысшылардың еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсартуға алып келді. Сондай-ақ, бұл көрсеткіш жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру нәтижесінде орындалды, олар жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етті. Инвестициялық жобаларды іске асыру облысқа тартылған инвестициялар көлемін ұлғайтуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік берді.

## Респондент пікірі

Qazmet металлургиялық комбинатының домна пешінің балқытушысы Тлейхан

да жақсаруына ерекше ықпал етеді. Қарағандының әрбір өнеркәсібі жаңа жұмыс орындарын ашып, жергілікті мамандарды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп, жастарға кәсібін бағдар беріп, болашаққа нық қадам басуға мейілінше мүмкіндік ұсынып отыр.

Осы өсім мен серпінді даму – қажырлы еңбектің, адал кәсіпін сүйген мыңдаған жұмысшылардың, инженерлер мен кәсіпкерлердің арқасында мүмкін болып отыр. Қарағанды облысы бүгінгі таңда тек өңірлік қана емес, жалпыұлттық индустриялық локомотивіне айналды. Бұл – мемлекеттің экономикалық тұрақтылығы мен дамуы жолындағы сенімді де нық қадам. Болашақта да Қарағанды өндірісінің қарқыны бәсеңдемейтіні анық. Өйткені, мұнда тек зауыттар мен комбинаттар емес, солардың жұмысын ілгерілетіп, жаңа белестерді бағындыратын еңбеккер адамдар бар. Қарағанды – өндіріс қазанында қайнап, шындалған азаматтардың мекені, Қазақстанның күш-қуатының айнасы!

# Маман тапшылығы аландатады

Елде медицина мамандарының тапшы екені рас. Былтырғы Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мәселенің әлі де өзекті екенін айтып, «Бұл мәселені шешу үшін, ең алдымен, медицина саласындағы білім сапасын барынша арттырған жөн», – деді. Аймақта Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар бірден қолға алынды. Мәселен, биылдан бастап, түлектерге жоғары және колледжден кейінгі жоғары оқу орнына түсуге гранттар берілмек. Білім беру гранты мектеп және медициналық колледж түлектері арасында тағайындалады. Бұл кадрлық тапшылықты жоюға мақсатты бағытталған шаралардың бірі болмақ. Бастаманың басты талабы бойынша түлек «бакалавр» деңгейін ала отырып, облыстың денсаулық сақтау басқармасы арқылы ғана жұмысқа орналасады.



Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Әуелі тегін білім алуға, кейін жұмысқа тұрғызуға мүмкіндік беретін бастама облыс әкімдігінің қолдауымен жүзеге асады. Денсаулық сақтау басқармасының дерегіне, бастама беретін мүмкіндік көп. Жалпы, медицина мамандарының тапшылығын шешу үшін, мамандықтың мәртебесі мен әлеуетін арттыру үшін бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр. Былтырдан бері жалпы практика дәрігері, акушер-гинеколог, педиатр және анестезиолог-ревматолог мамандар ауылдық жерлерге барып, кемі бес жыл жұмыс істесе, 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір реттік төлем алады. Оның көлемі былтыр 8,5 млн теңгені құрады. Одан бөлек, 5 млн теңге көлемінде қаражатты кардиолог, терапевт, нейрохирург, рентгенолог, реабилитолог сынды мамандар алады. Ауылға барған хирургтар, невропатологтар мен офтальмологтар 3 млн теңге алады. Сондай-ақ, акушерлер, фармацевттер, медбикелер мен фельдшерлерге 1,5 млн теңге беріледі. Өткен жылы осындай қолдау итілігін 63 маман көрді. Олардың әрқайсына 1,5 миллионнан 8,5 миллион теңгеге дейінгі көтермелеу ақысы төленді. Ол үшін 407 млн теңге қарастырылған. Биылғы дерек бойынша ауылдық медицина әлеуеті 70 маманмен толығыды. Бұл мақсатта 419 млн теңге қарастырылып отыр.

Қызметтік пәтермен қамту – мамандарды жан-жақты әлеуметтік қолдаудың жарқын көрінісі.



Өткен жылы медицина мамандарына барлығы 203 пәтер бөлінді. Оның көбісі, яғни, 94 пәтер облыс орталығынан, 30 пәтер Балқаш қаласында, 35 пәтер Теміртауда, 40-ы – Бұқар жырау ауданының Доскей ауылында және төрт пәтер Шет ауданында берілді. Игі іс биыл да жалғасын табады. Нұра ауданында жас мамандарға арнап, 14 пәтерлі үйді қолданысқа беру жоспарланған. Осы ретте Қарағанды қаласындағы «Жаңа қала» ықшам ауданында медицина қызметкерлеріне арналған тұрғын үй кешенінің құрылысы бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын да атап өту керек. Перинаталдық көмек бағытындағы кадр тапшылығы мәселесін шешу үшін екінші деңгейлі банктер

арқылы әрекеттер алгоритмі қарастырылуда.

Алыс-жақын шет елдерде білімін жетілдіріп келіп жатқан жас мамандардың да қатары күн санап өсуде. Мәселен, былтыр аймақтың 106 дәрігері Германия, Финляндия, Испания мен Ресей елдеріне барып, білім мен тәжірибесін арттырып қайтты. Бұл мақсатта денсаулық сақтау басқармасы 300 млн теңге бөлі. Білім алушылар балалар нейрохирургиясы, кардиология, кардиохирургия, инсульттік орталықтардың жұмысы, анестезиология, реаниматология, онкологиялық нейрохирургия және басқа да бағыттарды қамтыды. Персоналды оқыту мен қайта даярлау мақсатында медициналық ұйымдар да



қаражат бөліп отыр. Соңғы жылдары кезек-кезеңімен көтерілген медицина мамандарының еңбек-ақысы жас мамандардың қызығушылығын оятады. Мәліметке сәйкес санаты мен еңбек өтілі жоқ жас маман қосымша ақыларсыз қолына 250 мың теңге алады.

Резидентурада оқимын деген жастарға бөлінетін грант саны артпаса, кеміген жоқ. Жыл сайын 90-ға жуық грант бөлініп келеді. Денсаулық сақтау басқармасының дерегіне, қазіргі уақытта жергілікті бюджет есебінен 182 резидент білім алып жатыр. Оның 52-сі биыл аяқтайды. Олар – акушер-гинекологтар, неврологтар, психиатрлар және басқалары. Өткен жылы 93 грантқа 569 млн теңге бөлінсе, биыл 617 628 млн теңге қарастырылған. 2026 жылы – 648 509 млн теңге, ал, 2027 жылы 680 934 млн теңге бөлініп отыр.

Аймақта альма-матер – Қарағанды медицина университетін жылына мыңнан астам түлек тәмамдаса да кадр тапшылығы өзектілігін жоғалтпай, күн тәртібінен түспей келеді. Оның негізгі себептерінің бірі – білім алушылардың көпшілігі өзге өңірлерден, әсіресе, Түркістан облысынан келгендер. Жалпы, былтыр ел бойынша медициналық білім орындарын 10 мыңнан астам түлек аяқтады. Олардың жартысынан астамы тегін оқып, бітірді. Жұмысқа орналастыру жөніндегі жергілікті комиссиялардың шешімдерімен республикалық бюджет грантымен оқыған түлектердің 76%-ы бөлінді. Оның ішінде, қалаға 2, 8 мың маман, ауылдық жерлерге – 1,2 мың маман жіберілді.

Денсаулық сақтау министрлігі медицина кадрларының тапшылығын шешу жолдарының бірі ретінде жоғары оқу орындарының түлектерін бөлу тетігін тиімдірек етуді ұсынады. Қазіргі уақытта медициналық оқу орындары түлектерінің үштен біріне жуығы бөлу бойынша жұмыс істемейді. Жұмысқа орналасу үшін жеке медициналық ұйымдарды артық көреді. Қалай болғанда да кадр тапшылығына қатысты мәселе толығымен шешілмей тұр. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне сәйкес өткен жылы дәрігерлердің тапшылығы 19%-ға – 4 864 маманнан 3 954-ке дейін қысқарған. Ал, орта медицина қызметкерлерінің тапшылығы 7%-ға қысқарған, яғни, 4 820 адамнан 4 505-ке дейін төмендеді.

Министрліктің ең тапшы мамандар тізімінде терапевттер, жалпы практика дәрігерлері, акушер-гинекологтар, анестезиологтар-реаниматологтар, хирургтар мен педиатрлар алдыңғы қатарда тұр.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

# Жаңару мерекесінің жарқын шуағы

Нұра ауданында көктем мен жаңару мерекесі кең көлемде тойланды. Өңірдің орталығындағы «Нұра» стадионында Наурыздың құрметіне арналған салтанатты мерекелік концерт қыраулы қыстан шыққан жұртты жадыратып, қуаныш пен шаттыққа бөледі.

Мәдениет үйінің өнерпаздары ұйымдастырған театрландырылған бағдарлама мазмұндылығымен, көрнекілігімен ерекшеленді. Ауданның орталық алаңына биылғы жылдың маңызы жоғары мерейтойларымен аталған тоғыз киіз үй тігілді. Әрбір үйдің ішкі жасауы атауына лайықты безендіріліп, анықтамалық стендтер ілінді. Береке мен ырсы жыл бойы үзілмесін деген ниетпен ақ дастарқандар жасалды. Үйлерге бас сұққан қонақтардың дәм ауыз тимей шыққаны жоқ. Ауданның барлық ұжымдары белсене қатысқан іс-шарада арнайы қайырымдылық дастарқаны жайылып, Ұлыстың ұлы күнін қызықтау үшін келген

сы Мейірімділік үйінің тұрғындарына жылы лебіз білдіріп, оларға зор денсаулық, ұзақ өмір тіледі. Мерекеге орай сый-құрмет ретінде азықтүлік себеттерін сыйға тартты.

– Наурыз мерекесінің аясында сіздерге құрмет көрсету үшін арнайы келдік. Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ өмір және көктемнің шуақты күндерін тілеймін, – деді Бақытжан Мылтықбайұлы. Аудан әкімі Мейірімділік үйін ашып, тұрмысқа бас сұққан қонақтардың дәм ауыз тимей шыққаны жоқ. Ауданның барлық ұжымдары белсене қатысқан іс-шарада арнайы қайырымдылық дастарқаны жайылып, Ұлыстың ұлы күнін қызықтау үшін келген

жасы ұлғайған, өзгелердің қол көмегі мен қамқорлығына мұқтаж болған жандарға Нау-



тұрғындарға бауырсақ, айран, наурызкөже сияқты ұлттық тағамдар таратылды. Мектептердің өнерлі оқушылары әзірлеген қолөнер туындыларынан құралған көрмені тамашалағандар қатары да мол болды.

Сонымен қатар, Наурыз мерекесіне орай ұлттық спорт ойындары: жабағы, тай жарыстары, аламан бөйге мен көкпар, қазақша күрес пен бес асық ойнаудан бәсекелер ұйымдастырылып, жеңімпаздар мен жүлделі орындардан көрінгендер марапатталды.

Өңір басшысы Бақытжан Мұқанов аудан тұрғындарын Наурыз мерекесімен құттықтап, жұмысшы мамандықтар жылына байланысты аудан экономикасының өрлеуіне, тұрғындардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына үлес қосып жүрген жұмыскер азаматтарға Алғыс хаттар табыс етті.

Мерекелік шаралар мұнымен біткен жоқ. Өңір басшы-

рыз мерекесінің қарсаңында көрсетілген құрмет ескелең ұрпаққа үлгі-өнеге болатыны күмәнсіз.

Бұдан бөлек, Ұлыстың ұлы күніне арналған салтанатты мерекедің аудан орталығының бір топ тұрғынына – қоғамның әлеуметтік осал топтарына: жасы егде тартқан зейнеткерлерге, I және II топтағы мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған және толық емес отбасыларға; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға пәтердің кілті табыс етілді. Олардың алды 2017, соны 2022 жылдан бері тұрғын үй кезегінде тұрған еді.

Жаңару мен шаңғыру мерекесінің жарқын шуағы нұралықтарды жақсы істерге бастайды деген үлкен үміт бар.

Өз тілшімізден

Сурет  
ұйымдастырушылардан

## ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

# Қамқорлыққа халық риза

Ұлыстың ұлы күні – өз Наурыз мерекесі қарсаңында Қарқаралының Қасым Аманжолов ауылдық округіне қарасты Талды ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория есігін айқара ашты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың республика халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарын сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етуге бағытталған Ұлттық жоба қолға алынатынын айтқан еді. Мемлекет басшысының осы тапсырмасы бойынша соңғы жылдары қолға алынған «Ауылдық жердегі денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы ая-



сында бой көтерген медициналық нысанның ашылу салтанатына аудан әкімі Әділжан Аргынов

арнайы қатысып, ауылдағы қуанышты оқиғаны тамашалауға жиналған тұрғындарды құттықтап,

жылы лебізін білдірді. Сонымен бірге, өңірдің түлеуіне үлес қосып жүрген бірқатар еңбек адамына

атқарушы билік атынан Алғыс хат табыс етті.

Әкімшілік орталықтардан шалғайда өмір сүретін халыққа мемлекет тарапынан осындай қамқорлық жасала бастағанына жергілікті жұрт атынан Сәбит Тоғамбеков ақсақал алғыс айтып, ризашылық танытса, өкілетті биліктің өкілі – аудандық мәслихат депутаты Ұлан Райымбеков, ауылдық округ әкімі Ербол Жоламан Наурыз қарсаңындағы қуанышқа тілек қосып, ілтипат білдірді.

Заман талаптарына сай бой көтерген дәрігерлік амбулатория автономды жылу жүйесіне қосылып, озық медициналық қондырғылармен, құрал-жабдықтармен, жиһаздармен және кенсе техникасымен қамтамасыз етілген. Дәрігерлік амбулаторияда адам ағзасын тексеру, фельдшер, акушер кабинеттері, медициналық-санитарлық сүзгі, оқшаулау және ем-дом жасау орындары бар.

Жұмыста қолданылатын құралдарды жуу, зарарсыздандыру жабдығы, елді мекендер тұрғындарын аралағанда қажетті құралдар салатын медициналық қобдиша, т.б. ұсақ-түйектің бәрі дерлік бар. Ұлттық жобаның мақсаты – ауылдардағы медициналық қызметтің сапасын жақсарту үшін инфрақұрылымды кешенді түрде жаңғырту.

Жаңа медициналық амбулаторияда медбикелер қызмет етеді. Сонымен қоса, алдағы уақытта жас мамандарды мемлекеттік бағдарламалар аясында жұмысқа тарту жоспарлануда.

Ауыл тұрғындары жаңа нысанның ішін аралап көріп, қуаныштарымен бөлісіп жатты. Жаңару мен жаңғыру мерекесі қарсаңында пайдалануға берілген жаңа медициналық нысан ауыл тұрғындарына қалтқысыз қызмет етеді деген үміт үлкен.

Сурет ауыл әкімдігінен

# Қасым Ертауұлы БОТАНОВ

## Қош, аға, қош!

Ұлыстың ұлы күні іңірде Теміртауға қаралы хабар жетіп, көктемнің қара суығындай жанымызды мұздатып қоя берді. Жылдан жаңалық күткенде, мұндайды мүлде күтпеген едік. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, арда азамат, абыз Қасым Ботанов мәңгілік мекеніне көшіпті. Туған жері Алатау баурайынан жеткен жедел ақпар өзекті өртеп қоя берді. Беу, дүние, қандай Тұлға еді?! Саналы ғұмыры Теміртауға арналғанымен, жазуды қарасаңызшы, мәңгілік мекенін туған жерінен тауып, кіндік қаны тамған топырақ бұйырған екен. Теміртау үшін орны толмас қаза. Орны толмас өкініш. Бүгін Теміртаудың барша қазағы Қасымын жоқтап отыр. Өйткені Қасым аға – азаматтың эталоны еді ғой, шіркін!

2002 жылдан басталған таныстығымыз рухани байланысқа ұласты. Жеке мүддесін емес, елінің, ұлтының мүддесін бірінші орынға қойған мұндай адамдар енді қайтып бұ дүниеге келер ме, келмес пе?! Мұндай Қасымдар дүние есігін енді аша ма, ашпай ма, ол да беймәлім.

2002 жыл – ұлы көшке жүк артып, табанымыз тұғырлы мекен Теміртауға тиген жыл. Келе сала, 1 наурыздан осында ашылғанына жыл тола қоймаған «Теміртау» атты қазақ газетіне қызметке қабылдандым. Редакция қаланың шығыс бөлігіндегі «Магнитка» жекеменшік тіс емханасының бір бөлмесіне орналасқан. Емхананың иесі «Қазақстан Республикасының Құрметті стоматологы», қаланың бас ақыны Қасым Ботанов екен. Қасым ағамен таныстығым осылай басталған...

...Күндер зулап өтіп жатты. Қасым аға күн сайын редакцияның есігін ашып, «Қалайсындар, қазақтар, барсындар ма?» дейді. «Бармыз!» дейміз. «Бәрекелді, бар болындар, нар болындар!» деп хал-жағдайымызды біледі. Кейде жұмыстан қолыңыз қалт ете қалғанда өзінің кабинетіне бас сұғамыз, ондайда «Төрлетіндер» дейді. Кабинетінің төрінде домбырасы ілулі тұрады, қабырғаға сүйеулі гитарасы бар, ал, есік жақтағы оң қапталда – пианино. Музыкалық аспаптардың бәрінде ойнайды, өлең оқып, ән де салады.

Қасым ағамның жанында жүрген сол кездер жан-дүниеме рухани азық болды, мен ақынның бойынан бірнеше адамгершілік қасиеттердің жиынтығын көрдім. Кейін қадірмен ағамның 70 жылдық мерейтойын ұйымдастырып, өткіздім. Сонда мен халқымыздың «Сегіз қырлы, бір сырлы» дегеніне орай Қасым Ботановтың қырларына тоқталдым.

Бірінші қыры. Әрине, ол азаматтық, адамгершілік қыры, қазақ газетін қанатының астына алып, тіс емханасынан кең де жарық бір бөлмені ақысыз-пұлсыз беруінің өзі азаматтық емес пе?


Екінші қыры. Білікті маман, білімді дәрігер. Қазан мемлекеттік медицина институтының түлегі, жоғарғы оқу орнын 1966 жылы (мен туған жылы) тәмамдап, 1978 жылға дейін Татарстанда қызмет еткен. 1978 жылдың соңында Теміртауға көшіп келген, 1980-1982 жылдары Қарағанды медицина институтында хирургиялық стоматология кафедрасының ассистенті болды.

Үшінші қыры. Жомарттығы, үнемі қаламызда өткен мәдени іс-шараларға демеушілік жасағаны деймін. Біз талай рет қала кітапханаларында мектеп оқушылары арасында түрлі мүшәйралар ұйымдастырып, әдеби кештер өткіздік. Сонда демеуші болып, балаларды сыйлықсыз қалдырмайтын.

Төртінші қыры. Алланың берген сыйы – ақындығы. Әкесі Ертау ат баптап, құс ұстаған, ауылдағы той-думаның бел ортасында жүрген сері кісі болған екен. Қасым ағамның әр жылдары жарық көрген «Нұр жаусын», «Жаңама жалған», «Аяулы менің аңызым», «Жибангер жұлдыз», «Құс жолы» деген жыр жинақтары бар.

Айтпақшы, бұған қоса айтыскерлігі өз алдына бір төбе, аймақта айтыс өнерін қайта жандандырған сонау сексенінші жылдардың соңына қарай «Қыз бен жігіт» айтысының көшіп бастаған да осы Қасым Ботанов. Қарағандының ару ақыны Айгүл Түсіпбековамен айтысын теміртаулықтар әлі күнге дейін жыр ғып айтады.

Бесінші қыры. Аудармашылық қыры, Қасым аға өлеңдерді қазақшадан орысшаға, орысшадан қазақшаға



аударды. Мысалы, А.Пушкиннің, С.Есениннің, Е.Евтушенконың, А.Вознесенскийдің өлеңдерін қазақшаға аударған. Сонымен қатар теміртаулық Ю.Показанов, В.Зиманов, Т.Ромашкина, Т.Дубовская сынды орыс ақындарын да қазақша сөйлетті. Теміртаулық демекші, менің және Таңсәуле Әгенқызының бірнеше өлеңдерін орыс тілді оқырманға жеткізді.

Алтыншы қыры. Композиторлық қыры да бар, өзінің бірнеше өлеңдеріне ән жазған, оны өзі орындайды да. Атап айтар болсам, «Анашым», «Періште қыз», «Роман», «Ұлдар» секілді басқа да әндері бар.

Жетінші қыры. Кез келген музыкалық аспапта ойнайды. Нотаны біледі, домбыра, баян, гитара, пианино, мандолина дейсіз бе, қолына алса болды, бәріне тіл бітіретін.

Сегізінші қыры. Спортшы, иә, қағыс естімедіңіздер, Қасым Ботанов классикалық күрестен Татарстанның чемпионы болды! Шахматты шебер ойнайды, сонымен қатар кезінде, ұмытпасам, сонау 1985 жылдары Қараған-

дыдан Алматыға жаяу барған желаяқ, ал Алматыдан Алатау арқылы, таудан-тауға өрмелеп Қырғызстанға жеткен алыпшын.

Міне, аға деп құрмет тұтсақ, қарындас деп еркелететін Қасым Ботанов осындай сан қырлы абзал жан еді. 1942 жылы 10 наурызда, Алматы облысы, Балқаш ауданы, Іле өзенінің бойындағы Құйған ауылында туған абыз кеше 83 жасқа толған шағында, бақиға аттанды. Шыны керек, қабырғамызды қайыстырған қайғы бұл.

Бір кездері өзге ұлт өкілі сыңсыған Теміртауда қазақтың ісі аңқыған рухани орта қалыптасуына ұйытқы болған тау Тұласынан айыршылды құрыш қала. Содан да құрыш қала құлазып тұр. Бақұл болыңыз, аға! Теміртау төріндегі Сіздің орныңыз Алматыға кеткелі жетімсіреп жүр еді. Енді, тіпті, үңірейіп қалды. Оны ешкім де, ештеңе де толтыра алмақ емес. Қош, аға, қош! Алла алдыңыздан жарылқасын!

Руза АЛДАШЕВА,  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

## Теміртаудың темірқазығы еді...

Қазақтан туған Қасымдардың осалы болған емес. Сұлтан Қасым Кенесарыны дүниеге әкелді. Дауылпаз Қасым «Кері кетуге шак қалған қазақ поэзиясын өзінің қуатты қолымен жұлқа тартып, орнына қойған адам» (Жайық Бектұров).

Ал біз танытын Қасым Ботанов ағамыз да осал емес еді. Қаны сияға, кеудесі шапаққа айналған жан. Теміртауға табан тіреп, бар ғұмырын сарп етіп, қазақтың кете бастаған қаланың темірқазығына айналды.

Руханиятын тіреп ұстап, түлетті. Сонау тоқсаншы жылдары Теміртаудың азғантай қазағы қазақ газетін шығармақ болғанда, өз кенесінің екі бөлмесін босатып бергені осының айғағы емес пе?

Өлең жазу екінің бірінің маңдайына жазылмаған бақ. Бәкім сор. Дауылпаз Қасым салған даңғыл жолға түсіп, өз әлемінде томаға-тұйық ғұмыр кешу аса жеңіл болмаса керек. Оның үстіне әдеби ортадан тыс, жеке-дара жүру.

«Дауласудан, жауласудан дін аман, Қадімгі бір қорқатындай кінәдан. Ережесіз, қағидасыз өмірде, Қарға адым жер аттамайды бұл адам... Көңіл шіркін сабасына келе алмай, Күн кешесін ережені жеңе алмай. Белгілі жай еш күнсіз жүріп-ақ, Пейішке де қаламыз ғой ене алмай» деп мұнаяды ақын.

Бұл ақындардың елеусіз қалған, балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен заманда жазған мұны болса керек. Ақынның мұның тыңдайтын кім бар?!

Құрыш құйған Теміртауда, жыр құйған Қасым ақсақал жоқ енді. Тек өлеңдері қалды. Өлеңінде мұны мен шері қалды. Теміртау теңселіп тұр. Қош, қария!

Жанат ЖАНҚАШҰЛЫ,  
ақын  
Қазақстан Жазушылар одағының  
Қарағанды облысындағы  
өкілі

### • МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

## Қоянды жәрменкесі жаңғырғандай...

Ұлыстың ұлы мерекесіне қатысты іс-шаралар Қарқаралы өңіріндегі барлық едімекенде Наурызғана айдарымен атап өтілді. Көрісу күнінен басталған дүбірлі думан, Қоянды жәрменкесі қайта жаңғырғандай, ауданның барлық клубтары мен кітапханаларында, Мәдениет үйлері мен мекемелерінде жалғасты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы шаралар – Қарқаралының Шолпан Жандарбекова атындағы Мәдени-сауық орталығында ұйымдастырылған жас әншілердің «Жұлдызды жүз» конкурсы және 5-7 һәм 8-13 жастағы балдырған қыздар арасында өткен ұлттық киім үлгілерінің «Үкілі көмшат» байқауы.

Алғашқы конкурса талантты жеті жұл жас қатысқан еді. Тартысты өткен бәсекенің соңында

қазылар алқасы төмендегідей шешім шығарды. Ақжолдық Мирас Қайырбек пен Адай Серіккан, Ақтас ауылының ұстаз және шәкірт әншілері Дәурен Ыбырай мен Лияс Керейбай, тағы да сол ауылдың өнерпаздары Айнұр Әнесова мен Арсен Болат жұптары Алғыс хатпен марапатталды. Тегісіндік ауылының әншілері Аслан Қырғызалин мен Аружан Зәрубай, Егіндібұлақтың талантты жастары Аслан Қабықенов пен Ерназар Дәрібеков үшінші орынға ие болды. Ақтасты ауылының



өнерпаздары Ерганап Абрахманов пен Шыңғыс Қалымжан екінші орынға шықты. Көктас ауылының қос бұлбұлы Салтанат Сүлейменова мен Әділет Жұмабайұлы «Әкешім – Анашым» авторлық

өнімен бірінші жүлдені иеленді.

Ұлттық киім күніне орай өткізілген «Үкілі көмшат» байқауы да ойын-сауыққа құмар жұрттың ықыласына бөленді. Сәнді киімдер сайысына 16 үміткер тіркелген екен. Сұрыптаудан кейін 5-7 жас аралығындағы балдырғандар арасында Қарқаралының О.Жәутіков атындағы №1 ЖББМ оқушысы Айша Рымбек (жетекшісі Назерке Тельман, тігіншісі Баян Омарова) III орынға, сол мектептің оқушысы Елдана Баймағанбет (жетекшісі Әнел Қапаш, тігіншісі Арайлым Қыстаубай) II орынға, Қарағайлы кентіндегі №16 мектептің оқушысы Айсезім Саятова (жетекшісі Нұрғұл Тұрар, тігіншісі Айгүл Қалиева) I орынға жайғасты. 8-13 жастағылар байқауының соңында О.Жәутіков атын-

дағы №1 ЖББМ оқушысы Айсана Шорманова (жетекшісі Жанерке Мұрат, тігіншісі Анар Ізбасарова) III орын, сол мектептің оқушылары Дилара Сағадат (жетекшісі Айзағ Тәуекел, тігіншісі Динара Нұрмағанбетова) II орын һәм Балжан Нұрғабденова (жетекшісі Балдырған Қасым ақсақал жоқ енді. Тек өлеңдері қалды. Өлеңінде мұны мен шері қалды. Теміртау теңселіп тұр. Қош, қария!

Әңгіме болған байқауларда жұлдегер және жеңімпаз атанғандарға лайықты сый-сияпаттар жасалды.

Наурызғана бұдан әрі «Шексіз мүмкіндіктер әлемі» атты аудандық өнер фестиваліне, басқа да мерекелік бағдарламаларға ұласты.

Сурет  
ұйымдастырушылардан

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о проведении внеочередного общего собрания участников (далее ОСУ) ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» (далее КТ), которое будет проведено в 10.00 ч. 11.04.2025 года очным путем в г. Караганда, пр.Строителей д.28, ГК «Достар-Алем», конференц-зал «Достық».

Повестка:

1. Увеличение суммы кредитной линии в АО «Аграрная кредитная корпорация» по Рамочному соглашению №364-КГФ-КТ11 от 28.04.2016г.
2. О принятии единогласного решения о предоставлении в залог в АО «Аграрная кредитная корпорация» в качестве обеспечения исполнения обязательств ТОО КТ «Бейбарыс» денежных средств, размещенных на депозитных счетах в банках второго уровня Республики Казахстан и АО «Казпочта» в размере не менее 25 % от суммы уставного капитала КТ, с предоставлением права прямого дебетования денежных средств со всех счетов ТОО «КТ «Бейбарыс», открытых во всех банках второго уровня Республики Казахстан и АО «Казпочта» без дополнительного уведомления ТОО «КТ «Бейбарыс», в случае неисполнения, либо ненадлежащего исполнения обязательств ТОО «КТ «Бейбарыс» перед АО «Аграрная кредитная корпорация», а также в случае неисполнения, либо ненадлежащего исполнения обязательств конечными заемщиками перед ТОО «КТ «Бейбарыс».
3. Наделение полномочиями Председателя Правления ТОО «КТ «Бейбарыс» на подписание всей необходимой кредитной и залоговой документации, в том числе дополнительных соглашений.

№53

### • СЕМИНАР

## Мұғалімдер тәжірибе алмасты

Қарағандыдағы №18 мектепте «Білімге қол жеткізу коды: Нормативтік құжаттар» атты информатика мұғалімдеріне арналған семинар өтті. Жиын аясында информатиканы оқытудағы жаңа тәсілдер мұғалімнің ІТ құзыреттілігін қалыптастырды.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы оқушыларды оқытудағы шығармашылық жұмыстарды насихаттау, озық тәжірибелер жинақтау және әдістемелік көмек көрсету

көзделді. Семинарға қала мектептерінің информатика пәні мұғалімдері қатысты. Мамандар ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған бар білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламасының

ерекше балаға қандай маңызы бар екенін айтып, тәжірибемен бөлісті.

№50 мектептің мұғалімі Гүлжан Таспулатова «Magic school» платформасында қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмаларды дайындау» тақырыбында платформаның мүмкіндіктерімен таныстырды. Сондай-ақ, «AR, VR технологиялары» арқылы 3D модельдер дайындап, оларды жандандырып көрсетті.

Тәжірибе алмасу семинарының мұғалімдерге берерлі мол. Өйткені, әр сабақты заманға сай түрлі әдіс-тәсіл арқылы түрлендіріп өткізу аса маңызды.

Семинар соңында мұғалімдерге арналған интеллектуалды ойын өтті.

Айжан ЕШКЕЕВА,  
Асель ТУРУСБЕКОВА,  
№18 мектептің информатика пәні мұғалімдері

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 1,046 % участников КТ. Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или ее части при ее продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул. Сатыбалдина, д. 29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412

№53

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• БӘРЕКЕЛДІ!

## «Күміс домбыра» күмбірі

Арқаға шырайлы Шымкент шаһарынан ақжолтай хабар жетті. Еліміздегі жас ақындар арасында бесінші мәрте ұйымдастырылған «Күміс домбыра» айтысында қарағандылық жас ақын Нұрмұхаммед Байсүгіров Бас жүлдені қанжығасына байлады. Сонымен қатар, алғаш рет өткізіліп отырған «Күміс көмей» республикалық байқауында жерлесіміз Қуандық Төкенов II орын иеленді. Наурыз мейрамы қарсаңында облыс қоржынына жүлде салған жерлестерді Қарағанды жұрты Кеншілер мәдениет үйіне салтанатты түрде қарсы алды.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Айтыс түркітанушы ғалым Бейсенбай Кенжебайұлының 120 жылдығына арналған. Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен, Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы ұйымдастырыпты. Оған республикадан 16 ақын қатысып, өзара мықтыны анықтаған. Ақындардың қарсыластары әр кезеңде жеребе арқылы анықталған. Осы байқауда жерлесіміз Нұрмұхаммед Байсүгіров оза шауып, күміспен қапталған домбыра мен 1 млн теңгенің сертификатына ие болды. Айта кетейік, айтыскер ақын быттыр да осы байқауға қатысып, ақтық кезеңге дейін жеткен еді.



– Мақсат Аханов ағамыз Арқаға «Алтын домбыраны» алып келіп, ел мерейін асырған еді. Сол кезде менің де дәл сондай үлкен арманым пайда болды. Ол кезде «Алтын домбыраға» қатысу – арман еді. Быттыр «Күміс домбыра» ақындар айтысының бәсекесіне қатысып, жеңіске жарты қадам қалғанда қайтып едім. Сол кезде өзіме осы жүлдені алуға серт бердім. Бұл жолы уәдеме тұрдым. Енді «Алтын домбыра» аламан бәйгесіне қатысу мүмкін-

дігіне ие болдым, – деді Нұрмұхаммед Байсүгіров. «Күміс көмей» республикалық ән байқауы Қазақстанның халық әртістері Урия Тұрдықұлова мен Жамал Омарованы еске алуға арналған. Оған әр өңірден 16 өнерпаз қатысыпты. Қазылар алқасында қазақ өн өнерінің алыты, Жәнібек Кәрменовтің шәкірті Кенжебай Шал, дәстүрлі әнші, ҚР Мәдениет саласының үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Бейбіт Мұсаев және басқа да

кәсіби мамандар қазылық еткен. Нәтижесінде, жерлесіміз Қуандық Төкенов II орын иеленген. – Бұл байқауда Ақселеу Сейдімбек атамның «Дәурен-ай», халық әні «Жиырма бес» және Иса Байзақовтың «Желдірме» әнін орындадым. Нәтижесінде жүлделі орын иегерлерінің қатарынан көріндім. Бұл – мен үшін үлкен жеңіс. Бірақ, әлі алда байқаулар бар. Соған дайындықты бастаймын, – деді Қуандық Төкенов.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ХОККЕЙ

## Қола жүлде бұйыра ма?

Шайбалы хоккейден ел чемпионатының жартылай финалына дейін жеткен қарағандылық «Сарыарқа» клубы ақтық бәсекеге өте алмады. Көкшетаулық «Арлан» клубымен бес ойын өткізіп, оның төртінде жеңілді. Енді жерлестер ел чемпионатының қола жүлдесіне таласалды.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қос команда арасындағы төртінші ойында жерлестер 5:4 есебімен жеңген болатын. Басталысымен шабуыл жасап, қарсылас қақпасын торуылдаумен болды. Нәтижесінде, төртінші минутта Владислав Сайко қақпадан саңылау тапты. Араға төрт минут салып, Егор Наместников есепті еселеді.

15-ші минутта Темірлан Бейсембиев есеп алаштығын қысқартып еді. «Сарыарқа» шабуылшысы Артем Валеев есепті 3:1-ге жеткізді.

32-ші минутта Ярослав Хрипов төртінші шайбаны салып, командасын алға шығарды. Алайда, осы шайбадан кейін көкшетаулықтардың ойыны өзгерді. 34-ші минутта – Даниил Парамонов, 36-шы минутта Владимир Волков, 42-ші минутта Кирил Бассов таразы бауын тентестіріп кетті. Есеп – 4:4.

53-ші минутта жерлестер сапында Егор Кузьменко мүмкіндікті мүлт жібермей, шешуші шайбаны қақпаға тоғытты. Есеп – 5:4.

Ал, шешуші ойында жерлестер сырт алаңда 7:1 есебімен ойсырай жеңілді.

Қарағандылықтардың ендігі қарсыласы «Хумо» және «Торпедо» клубтары арасындағы кездесуден соң белгілі болады.

• ПАРАДЗЮДО

## Тбилисиде топ жарды

Тбилисиде (Грузия) өтіп жатқан парадзюдодан Әлем кубогында қазақстандық парадзюдошы Ақмарал Науатбек (J2, -52 кг) топ жарып, алтын медаль иеленді.

Финалда ол Германия өкілі Изобель Тайды ұстау әдісімен жеңді.

Бұл – Ақмаралдың Олимпиада чемпионы белгісі – есімі алтын түстес жазумен жазылған кимоно киіп, өнер көрсеткен алғашқы жарысы.

Еске сала кетейік, парадзюдодан 48 кг салмақ дәрежесінде (J2 санаты) белдескен Ақмарал Науатбек Париж паралимпиадасында алтын медаль алып, парадзюдодан Қазақстан тарихындағы тұңғыш паралимпиада чемпионы атанған болатын.

Өз тілшімізден



Сурет шықарушылардан

## Ұлық мейрамның ұлттық бояуы

Наурыз мейрамы қарсаңында «Жастар» спорт кешенінде ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтті. Оған облыстың аудан, қалаларынан іріктелген спортшылар келіп, бағы мен бабын сынады. Доданың мақсаты – ұлтымыз үшін ғана емес, тұтас Түркі жұрты үшін кастерлі эз Наурыздың қадір-қасиетін арттыру және саламатты өмір салтын насихаттау.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарыс 8 спорт түрі бойынша өтті. Кір тасын көтеру (24 келілік екі кір тасы), қол күрес, арқан тартыс, асық ату, қой көтеру, қазақ күресі, тоғызқұмалақ, лонгі тебу. Жеңімпаздарға қаржылай жүлде тағайындалды. Мәселен, кір тасын көтеру мен қол күрестен бірінші орын алған қатысушыға 50 мың теңге, асық ату мен тоғызқұмалақтан үздік атанғандарға 20 мың теңгеден берілді. Ал, жұрт асыға күткен қазақ күресінің бірінші орынына 500 мың теңге тігілді.

Жарыстың ашылуы өзіндік сан-салтанатымен өтті. Этно бағыттағы әндер шырқалып, ою-өрнекпен көмкерілген көйлекпен бойжеткендер ұлттық билерді билеп, мейрамның ажарын кіргізді. Домбыра шертілді.

Ұлттық спорттың салтанатына облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Қожухов, орынбасары Ләззат Төкенқызы және облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы Серік Сәпиев арнайы келіп, спортшыларға қолдау көрсетті.

Спорт ардагері, бұл күнде жас спортшыларға жол нұсқап, бата-сын беріп жүрген Сабиғолла Әл-



кейұлына сөз берілді.

– Ұлтымыздың ұлық мейрамы эз Наурыз баршамызға құтты болсын! Ұлттық спортымыз қа-

рыштай берсін! Еліміздің болашағы жастар, сіздер арқашан жеңіс тұғырынан көрініп, ел дамуына өз үлестеріңізді қосады деген

• ӨНЕР ӨРІСІ

## Түркияны тамсанып қайтты

Нұра аудандық Мәдениет үйінің «Шұғыла» би ансамблі Түркияның Стамбул қаласында өткен «Alish Star» халықаралық шығармашылық байқауында жүлделі орындар иеленді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Таратып айтатын болсақ, «Бабалар мұрасы» деген би композициясымен өнер көрсеткен ансамбль бас жүлдені жеңіп алса, алты жасар балдырған Нұрай Сапарқызы Сайранованың орындауындағы «Аққу» биі көрермендер мен қазыларды тәнті етіп, кіші жас тобындағы өнерпаздар арасында бірінші орынға ие болды.

Өңірдің жас таланттары халықаралық додада бақ сынауына «Шахтер» шаруашылығының басшысы, Қазақстанның Еңбек Ері Георгий Георгиевич Прокоп мүмкіндік жасады. Ол ансамбльдің жол сапарына 4 миллион

теңге көлемінде қаржы берді.

Бұл халықаралық байқауға әлемнің әр түркінінен келген талантты өнер ұжымдары қатысты. Солардың арасында ерекшеленген «Шұғыла» ансамблі сәтті хореографиясымен, ұлттық нақыштағы костюмдерімен және жоғары орындау шеберлігімен билерін қызықтаушыларды да, қарсыластарын да таң-тамаша қалдырып, Түркияны тамсанып қайтты.

СУРЕТТЕ: «Шұғыла» ансамблі Стамбул шаһарындағы «Alish Star» халықаралық шығармашылық байқауында



• СПОРТТЫҚ ГИМНАСТИКА

## Алғашқы сындағы алтын

Париж Олимпиадасының күміс жүлдегері, қарағандылық Нариман Құрбанов өзінің бірінші ресми жарысында тұтқалы ат снаряды жаттығуында чемпион атанды. Ол 14,634 ұпай жинады.

Алда РАХЫМҚҰЛОВА,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл ретте спорттық гимнастикадан Түркияның Анталья қаласында өтіп жатқан әлем кубогының үшінші кезеңінде қоржынымызға екі бірдей жүлде түсті.

Алтынды Париж Олимпи-



адасының күміс жүлдегері Нариман Құрбанов қанжығаласа, күміс жүлдені қазақстандық Зейнолла Ыдырысов жеңіп алды.

Қоланы норданиялық әлем чемпионатының екі мәрте жүлдегері Ахмад Әбу әл-Сауд иеленді.

Сурет ашық дереккөзден



сенімдеміз. Ел аман, жұрт тыныш болсын! Не келсе де қайырыммен келсін! Ұлымыз ұлықты, қызымыз қылықты болсын! Алаштың жақсы-жайсаңы тек жақсылыққа жүздессін! – деді ақсақал.

Қазақ күресінен 60 келі салмақ дәрежесінде Үмбетхан Бердібек, 74 келі салмақ дәрежесінде Қайырғали Төлепберген бірінші орын алып, доданың қаржылай жүлдесін қанжығалады.

Спорт кешенінің сыртына киіз үйлер тігіліп, шара қонақтары наурызкөже мен басқа да ұлттық тағамдардан дәм татты. Екі иінінен дем алған сары самаурынның шайын ішті. Ұлттық нақышта киінген қыз-жігіттер қонақтардың көңілін көтерді.

Сурет автордан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор  
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары  
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ  
Директордың орынбасары  
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор  
Е.К. МҰСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары  
Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы  
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalik.kz@gmail.com; ortalik.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalik.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 719  
№32 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Салтанат ІЛІЯШ